Бағдарлама – инновациялық экономиканы құру, 2050 жылға қарай 30 дамыған елдің қатарына кіру және қоғам мен өндірісті қазіргі заманғы технологиялық әлемнен тысқары қалмайтындай жаңарту секілді негізгі өршіл мақсаттарға қол жеткізу үшін іске асыруға қажетті бір-бірімен байланысты шаралар кешенін іске асыруды болжамдайды. Осы мақсатқа қол жеткізу бүкіл қоғамның бірігуі мен жұмылдырылуын және қысқа уақыт аралығында серпіліс жасауды талап етеді. АКТ саласындағы жаңа технологиялардың, инновациялық әдістер мен құралдардың тұрақты түрде пайда болуын ескере отырып, қажет болған жағдайда, Бағдарлама шеңберінде қосымша бастамалар іске асырылатын болады. Бұл шаралардың бірі - Цифрлық мемлекетке көшу.

Осыған орай бұл бағдарлама шеңберінде виртуалды мұражайлар желісін құру және барлық мұражайлық қорларды, концерттердің, пьесалардың жазбаларын, материалдық және материалдық емес тарихи және мәдени мұраның маңызды элементтерін электронды форматқа аудару жоспарлануда. Ақпаратқа қол жеткізуді жаңа бірыңғай электрондық порталын құру арқылы қамтамасыз етуге болады, ол еліміздің мәдени өмірін бір танымал ресурсқа аударуға мүмкіндік

береді. Бұл Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі мәдениеті мен өнерін алға жылжытудың және оны кең танымал ету мүмкіндіктерінің ең қолжетімді форматы [1].

Мұнда айтылған мәселелер еліміздің тарихынсыз өреміздің өрге жылжымайтындығын анық айтып тұр. Бізге жетпей қалған қанша мәдени мұраларымыз болғанын біз білмейміз. Қазақ дана халық, ақынға да, жыршы, жырауға, әнші, күйшіге де, шеберге де бай халық. «Тыңдамаған сөз жетім» деп бір ауыз сөзін текке айтпаған, текті халық. Олай болса бабаларымыздың айтып, жазып қалдырып кеткен мәдени мұраларының бір сөзін де жоғалтпай, жинақтап, өз құндылығымызды сақтап қалуымыз қажет. Бір Әл-Фараби бабамыздың өзін алып қарасақ, қаншама еңбегі болғанымен елімізден ешбір еңбегінің табылмағандығы, қазіргі бар мұраларының өзін бабамыздың мұраларын зерттеуші ғалымдардың шетел кітапханаларынан тауып, елімізге әкелгендігі белгілі. Ендігі кезекте сол мұраларды сақтап қалу біздің парызымыз. Тек сақтап қана қоймай ол мұраларды заманға сай білім беру құралдарының көмегімен электрондық нұсқаларын жасап, бір сөзбен айтқанда цифрландырып, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру қажет.

Фараби еңбегін алғаш рет қазақ тіліне аударып, Фарабидің жер жүзі елдерінің кітапханаларындағы еңбектерін іздестіріп тауып, біразының көшірмесін профессор А. Машанов алдырды, 1968 жылы Фарабидің Шам (Дамаск) қаласындағы зиратын тауып, суретін түсіріп әкелді. Ал, Шығыстың тарихы мен математика тарихын зерттеуші танымал қазақ ғалымы А.Көбесов ғалымның математикалық мұраларын зерттеп, «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы», «Математикалық трактаттар», ««Птолемей Альмагест»-іне қосымша» еңбектерін жазды. Бұл еңбекті Фараби еңбегін зерттеуші шетелдік Фарабист-ғалымдар өте жоғары бағалады.

Ғалымның еңбектерінде адамның практикалық қызметінде маңызды рөл атқаратын: жерді іздестіру, архитектура, инженерия, геодезия және т.б. көптеген геометриялық мәселелерді шешуді циркуль мен сызғыш көмегімен салудың алгоритмдері бар. Әл-Фарабидің көптеген геометриялық салулары өзіне дейінгі өмір сүрген ғалымдарының жұмысына арналған. Олардың көпшілігі ежелгі гректерде кездеседі. Геометриялық салу есептері қазіргі таңда да үлкен қызығушылық тудырады, өйткені бүгінгі таңда құрылыс, архитектура, әртүрлі құралдарды салу және басқа да көптеген практикалық тапсырмалар геометриялық салуларға негізделген. Бұл тақырып Әл-Фарабидің «Геометриялық фигуралардың жұмбақтары жайлы рухани айналы тәсілдер мен табиғи сырлар кітабы» [2] еңбегінде берілген.

Мұндай есептердің оқушылардың математикалық дамуына да ықпалы зор. Геометрия курсының мазмұнын құрастыруда, олар геометрияны оқытудың маңызды элементі болып табылады, оның бір мазмұндық желісін құрайтын ажырамас бөлігі болып табылады.

Мұндағы есептердің қойылуы мен шешу әдістері оқушылардың геометриядан алған білімдерін тәжірибеде қолдануға ынталандырады, олардың ауқымды ойлауының дамуына ықпал етеді. Бұдан басқа, олар оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту және іздестіру іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастырады. Әл-Фараби ұсынған салулар тізбегінің алгоритмдерін жоғары сыныптардың информатика курсына арналған мазмұндық материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді [3].

Мұндай есептердің оқушылардың математикалық білімдерін дамуда да ықпалы зор. Геометрия курсының мазмұнын құрастыруда, олар геометрияны оқытудың маңызды элементі болып табылады, оның бір мазмұндық желісін құрайтын ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндағы есептердің қойылуы мен шешу әдістері оқушылардың геометриядан алған білімдерін тәжірибеде қолдануға ынталандырады, олардың ауқымды ойлауының дамуына ықпал етеді. Бұдан басқа, олар оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту және іздестіру іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастырады. Әл-Фараби ұсынған салулар тізбегінің алгоритмдерін жоғары сыныптардың информатика курсына арналған мазмұндық материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.


Негізінде, алгоритмдеу бөлімін оқып-үйрену барысында, сондай-ақ қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді оқу барысында осындай есептерді заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялық құралдарының мүмкіндігін пайдалана отырып шешсе тиімдірек болады. Мұндай есептерді шешу барысында мұғалім оқушылардан жүйелі түрде қадамдардың нақты реттілігін талап ету арқылы, олардың бойында алгоритмдік мәдениет элементтерін тиімді түрде қалыптастыра алады.

Бұл тапсырмалар пәнаралық сипатта болғандықтан, білім берудің ең тиімді түрлерінің бірі информатика және геометрия сабақтарынан біріктірілген сыныптан тыс сабақтарда пайдалануға болады. Жоғарыда айтылғандай, Әл-Фарабидің барлық геометриялық салулары нақты амалдардың реттілігі арқылы берілген, ол компьютерлік программалармен салуды жеңілдетіп, тиімділігі мен сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Мұнда геометрияны оқытуда пайдалануға арналған, сапалы

және стереометриялық сызбаларды жасауға мүмкіндік беретін арнайы тағайындалған интерактивті геометриялық орталарға қызығушылық артады.

Олардың ішіндегі ең танымалысы - GeoGebra бағдарламасы. GeoGebra Геометриялық модельдеуде және проекциялық геометрия есептерін шешуде өте ыңғайлы құрал[4]. Онда салулардың барлық түрлерін, сапалы планиметриялық және стереометриялық сызбалар сызуға болады. Мұнда нүктелермен, векторлармен, сызықтармен, коникалық қиылысулармен, математикалық функциялармен құрылымдар құруға болады, сосын оларды динамикалық өзгерте отырып анимация құруға болады. Ішінде 3D пішімінде енгізе аламыз, содан кейін оларды динамикалық түрде басқара отырып, бастапқы берілген мәндерді өзгеріссіз сақтай отырып, теңдеулер енгізу және координаттарды басқару мүмкіндігі бар.

Енді Әл-Фарабидің есептерін осы программа көмегімен шешу жолдарын қарастырайық. Ғалымның ең қарапайым есептерінің бірі - «Үшбұрышты теңдей үш бөлікке бөлуге» есебі. Ол: «...Егер ABC үшбұрышын BC сызығына параллель екі сызықпен қалай теңдей үшке бөлу керек десе, онда AC сызығының бағытында AC-ның үштен біріне тең AD сызығын белгілеп, AC-ның үштен екісіне тең AE сызығын салып, DC және CE сызықтарының әрқайсысына жарты дөңгелектер жүргіземіз де, AC сызығына AGH перпендикуляр тұрғызып, AG сызығына тең AF сызығын және AH сызығына тең болатын AJ сызығын белгілейміз. BC сызығына параллель IK және FL сызықтарын жүргіземіз, сонда тең үш бөлікке бөлінген ABC үшбұрышын аламыз: Бұл- ALF, FLKJ және BKJC[2]» дейді. Мәтінде қажетті әрекеттер тізбегі нақты берілген. Оларды ретімен орындай отырып, берілген үшбұрышты теңдей үш бөлікке бөлуге болады (1-сурет):



Сурет 1. Әл-Фараби алгоритмі бойынша үшбұрышты теңдей үш бөлікке бөлу

Мұндай салудың дұрыстығының негіздеуі, суреттің көрнекілігінен анық көрініп тұр. Құрылған модельдегі шағын эксперимент оны дәлелдеуге мүмкіндік береді. Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасына жүргізілген биіктіктің үшбұрышты ұқсас үшбұрыштарға бөлуіне сүйенеміз. $AC = a$, $AB = b$, $\angle CAB = \alpha$ деп белгілеп алайық. Берілген бойынша $AD = \frac{1}{3}a$, $AE = \frac{2}{3}a$.

$$\frac{AG}{AD} = \frac{AC}{AE} \rightarrow \frac{AG}{\frac{a}{3}} = \frac{a}{\frac{2a}{3}} \rightarrow AG = \frac{a}{\sqrt{3}} \text{ яғни,}$$

$$AF = \frac{a}{\sqrt{3}}; \text{ Ал } \frac{AH}{AD} = \frac{AC}{AE} \rightarrow \frac{AH}{\frac{a}{3}} = \frac{a}{\frac{2a}{3}} \rightarrow$$

$$AH = \frac{\sqrt{2}a}{\sqrt{3}} \text{ яғни, } AJ = \frac{\sqrt{2}a}{\sqrt{3}};$$

Фалесс теоремасына сүйенсек, $AL = \frac{b}{\sqrt{2}}$, $AK = \frac{\sqrt{2}b}{\sqrt{3}}$; Енді AFL, FLKJ және BKJC фигураларының аудандарына келер болсақ,

$$S_{ABC} = \frac{1}{2} a \cdot b \cdot \sin \alpha;$$

$$S_{AFL} = \frac{1}{2} AF \cdot AL \cdot \sin \alpha; \rightarrow S_{AFL} = \frac{1}{2} \frac{a}{\sqrt{3}} \cdot \frac{b}{\sqrt{2}} \cdot \sin \alpha; \rightarrow S_{AFL} = \frac{1}{2} \cdot \frac{1}{3} a \cdot b \cdot \sin \alpha;$$

$$S_{AJK} = \frac{1}{2} AJ \cdot AK \cdot \sin \alpha; \rightarrow S_{AJK} = \frac{1}{2} \frac{\sqrt{2}a}{\sqrt{3}} \cdot \frac{\sqrt{2}b}{\sqrt{3}} \cdot \sin \alpha; \rightarrow S_{AJK} = \frac{1}{2} \cdot \frac{2}{3} a \cdot b \cdot \sin \alpha;$$


Бұдан AFL үшбұрышының ауданы AJK үшбұрышының ауданының жартысына тең екендігі көрініп тұр, ал AJK үшбұрышының ауданы ABC үшбұрышының ауданының үштен екісіне тең. Олай

болса ВСJK фигурасының ауданы ABC үшбұрышының ауданының үштен біріне тең. Бұл дәлелдеуге оқушылар өздері көз жеткізеді.

Теңқабырғалы төртбұрышқа іштей дұрыс үшбұрыш салу туралы есебі де өте қызық, оны транспортир арқылы салу оқушыға еш қиындық тудырмайды, ал циркуль мен сызғыш көмегімен салу оңай емес. Әл-Фараби есепті циркуль мен кәдімгі сызғыштың көмегімен шешуге арналған алгоритмді былай көрсеткен.

Шешу алгоритмі: «...Теңқабырғалы төртбұрышқа іштей үшбұрыш салу туралы. Егер ол теңқабырғалы төртбұрышқа іштей теңқабырғалы үшбұрышты қалай салу керек десе, онда ABCD шаршысын тұрғызамыз, DC сызығын E нүктесіне дейін созамыз және CE-ні CD-ға тең қыламыз. ED сызығына жарты дөңгелек тұрғызамыз, D нүктесін центр ретінде алып, DC қашықтықта G нүктесін белгілейміз. Ары қарай E нүктесін центр ретінде қабылдаймыз және EG қашықтықта H нүктесін белгілеп, DH-қа тең AF тұрғызып, B-мен F-ті, B-мен H-ты, F-пен H-ты қосамыз. ABCD шаршысына іштей сызылған BFH теңқабырғалы үшбұрышын аламыз». [2].

Бұл алгоритмді де ғалымның барлық басқа да алгоритмдері сияқты, жоғарыда сипатталған GeoGebra ортасында жеңіл іске асыруға болады (2-сурет).



Сурет 2. Әл-Фараби алгоритмі бойынша теңқабырғалы төртбұрышқа іштей дұрыс үшбұрыш салу

Математикалық негіздеу: Егер берілген кавадраттың қабырғасы a , ал $DH=x$ алайық және BHF теңқабырғалы үшбұрышының қабырғалары $BH=b_1$, $HF=b_2$ деп белгілейік. Бізге $b_1=b_2$ екенін дәлелдеу жеткілікті.

Бастапқыда салу бойынша $\triangle BHF$ тең бүйірлі. Енді оның теңқабырғалы екендігін дәлелдеуіміз керек, ол үшін:

$$\triangle HDB \text{ тік бұрышты үшбұрышынан } BH^2 = b_1^2 = x^2 + a^2$$

$$\triangle HCF \text{ тік бұрышты үшбұрышынан } HF^2 = b_2^2 = 2(a-x)^2$$

$$\triangle DGE \text{ тік бұрышты } \Rightarrow DG=a, DE=2a \Rightarrow GE=a\sqrt{3}$$

$$\triangle GEN \text{ тең бүйірлі, яғни } GE=NE \Rightarrow NE=2a-x \Rightarrow a\sqrt{3}=2a-x \Rightarrow x=2a-a\sqrt{3}$$

$$b_1^2 = (2a - a\sqrt{3})^2 + a^2 \Rightarrow b_2^2 = a^2(8 - 4\sqrt{3})$$


$$b_1^2 = 2(a - (2a - a\sqrt{3}))^2; \quad b_2^2 = a^2(8 - 4\sqrt{3}) \Rightarrow b_1 = b_2, \text{ бұдан шығатын қорытынды } BFH \text{ үш бұрышы теңқабырғалы.}$$

Сонымен қатар, шаршының төбелерінің әрқайсысы бойынша салуды қайталап, іштей бастапқы табылған теңқабырғалы үшбұрышқа тең барлығы төрт үшбұрыш салуға болады.

Бұрыштың трисекциясын салуға сүйеніп, дұрыс тоғызбұрышты тұрғызудың алгоритмін әл Фараби былай сипаттайды: «Егер ол AB сызығына тең қабырғалы және тең бұрышты тоғыз бұрыш тұрғызу керек десе, онда центрі G нүктесі болатын кез келген өлшемді CDE дөңгелегін сызып, ондағы C нүктесін белгілеп оны центр ретінде қабылдайық та дөңгелектен жарты диаметрлік қашықтықта E мен D нүктелерін белгілейік. DE доғасын тең үш бөлікке бөлейік [3 – сурет]. Сондай доғаның бірі EH болсын. EG, EH және HG сызықтарын жүргізіп, EG мен HG сызықтарының арасында AB сызығына тең және EH сызығына параллель FI сызығын саламыз. A мен B нүктелерін центр ретінде қабылдап FG қашықтықта K нүктесінде қиылысатын дөңгелектер сызайық. K нүктесін центр ретінде қабылдап KA қашықтықта AVL дөңгелегін сызамыз. AVL доғасын тең сегіз бөлікке бөліп, олардың бөліну

нүктелерін хордалармен қосайық. АВ сызығында тең қабырғалы және тең бұрышты тоғыз бұрыш шығады.»[3, бет. 113-114].

Берілген алгоритмді GeoGebra ортасында математикалық дәлдікпен салу қиын емес (3- сурет).




Сурет 3. Әл-Фараби алгоритмі бойынша дұрыс тоғыз бұрышты салу

Берілген алгоритм бойынша GeoGebra ортасында салынған компьютерлік сызба әдемі болып қана көрінбейді, сонымен қатар математикалық түрде дәл салынады. Ол сызбаны сақтауға және көзбе-көз өзгертуге болады. Сонымен қатар сызба элементтерін өлшеуге, түстерін өзгертуге және мәтіндермен көркемдеуге оңай қол жеткіземіз. Оқушы бұл ортада тек берілген сызбаларды салып қана қоймай, сонымен қатар заманауи мектеп геометриясының білімімен ұштастырып, алгоритмдердің дәлелдеулерін қарастыруы керек.

Жоғарыда айтылғандай әл Фарабидің алгоритмімен дұрыс тоғызбұрыш жуықтап салынады. Әл Фарабидің жуықтауы өте аз шама болғандықтан сызбада байқау өте қиын, бірақ оны математикалық негіздеу арқылы көруімізге болады. Дұрыс тоғызбұрыштың қабырғаларын ғалым шеңбердің үштен біріне тең доғаның трисекциясы арқылы анықтайды. Егер $\sin(\beta/3)=x$ деп белгілесек, онда $\sin(\beta)=3 \cdot x - 4 \cdot x^3$, мұндағы $\beta=\alpha/2$, $\alpha=120^\circ$. Бұдан қабырғалардың мәні мыңға жуық дәлдікпен анықталады және $2 \cdot R \cdot \sin(3600/18) \approx R \cdot 0,684$ тең болады. Салудың жуықтығын осыдан көруге болады [5].

Әл Фараби өз салуларында үш өлшемді фигураларды да қамтиды. Мысалы төмендегі есепте тең қабырғалы үшбұрыш болатындай сфераны теңдей төрт бөлікке бөлу алгоритмін де қарастырған. Егер ол тең қабырғалы және тең бүйірлі үшбұрыш болатындай сфераны қалай теңдей төрт бөлікке бөлу керек десе, онда үш дөңгелек жүргіземіз: бұл дөңгелектер ABCD, BEDG және CEAG. Сонда сфераны теңдей сегіз үшбұрышқа бөлеміз; бұл үшбұрыштар ABE, AED, ADG, AGB, CBE, CED, CDG және CGB. Үшбұрыштардың біреуінің центрі және осы үшбұрыштың әр бұрышы арқылы үлкен дөңгелектер доғаларын жүргіземіз және оларды тиіп тұрған үшбұрыштардың центріне дейін жалғастырамыз. Егер біз әрбір үшбұрыш үшін осы центрден қалған екі бұрышқа дейін доғалар жүргізсек және оларды [тиіп тұрған] үшбұрыштардың центріне дейін жалғастырсақ, онда біз тең қабырғалы және тең бүйірлі үшбұрыш болатындай сфераны теңдей төрт бөлікке бөлеміз: бұл үшбұрыштар IHF, IKN және FKN және FIK (4-сурет).



Сурет 4. Әл-Фараби алгоритмі бойынша тең қабырғалы үшбұрыш болатындай сфераны теңдей төрт бөлікке бөлу

Мұндай есептер оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра түседі. Бұл оқу бағдарламасын оқытуды тереңдетіп қана қоймай, олардың ойлау қабілеттерін дамытуға және кілттік құзырлықтарын қалыптастыруға да көп септігін тигізеді. Қарастырылып отырған әл-Фарабидің геометриялық есептерін салуды іске асыруға қажетті білім мен берілген программа ортасының мүмкіндіктерін білу оқушылардың геометрия мен информатика пәндерінен бұрын алған білімдерін бекітуге ғана емес, сонымен қатар, оны практикада қолдана білуге дағдыландырады, ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл есептерді шешу мен дәлелдеулер геометрия саласы бойынша көптеген мәліметтер мен білім қажет етеді, оқушылардың терең білім алуына, алған теориялық білімдерін бекітуге, қорытып, жүйелеуіне мүмкіндік тудырады. Мұндай есептермен таныстыру, ол есептерді шығаруда ғалымның көрсеткен әртүрлі әдіс-тәсілдеріге геометрияны оқытуда теориялық және практикалық деңгейін көтереді.

Мұндай құндылықтарды сақтап, оларды өңдеп, цифрландыру қажет. Заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, бұл құндылықтарды цифрландыру арқылы білім беру үдерісінде пайдалану, болашақ ұрпаққа сапалы білім беруде, алған білімдерін өз тәжірибелерінде қолдана білуге дағдыландырады сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 2017 ж.
- 2 Кубесов А. К. Аль-Фараби. Математические трактаты. Алма-Ата: Наука, 1972.
- 3 Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Сәлғожа И.Т. Әл-Фарабидің математикалық мұрасын заманауи білім беруге енгізу. Халықаралық ғылыми конференция «Қолданбалы математика және информатика мәселелері» (10-11 қараша 2017 ж., Ақтөбе, Қазақстан) 252-256 б.
- 4 Зиатдинов Р.А. Геометрическое моделирование и решение задач проективной геометрии в системе GeoGebra // Материалы конференции «Молодежь и современные информационные технологии», Томский политехнический университет, г. Томск, 2010. – С. 168-170
- 5 Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г., Умбетбаев К.У. Информационные технологии в обучении математическому наследию аль-Фараби // Современные информационные технологии и ИТ-образование. - Москва, 2016. - № 3, часть 2. – Т.12. - С. 197-210.

УДК 378.016.02:004.9(574)
МРНТИ 27.23

Б.Ф. Бостанов¹, Г.Т. Абилбакиева²

¹п.э.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушы,
Алматы қ., Қазақстан

²магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУСТАРЫН ЖАСАУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ мектеп мұғалімдерін заманауи ақпараттық қатынас құралдарын пайдаланып білім бере алуға дайындау, оларды өздерінің кәсіби қызметінде шебер пайдалана алуы қажеттілік болып табылатындығын айқындайтын мәселелер туралы, сондай-ақ, оқытудың цифрлық ресурстарын қажетінше жасай алатындай және бар құралдарға өзгертулер енгізе алатындай маман етіп қалыптастырудың қажет екендігі туралы баяндалған.

Сонымен қатар болашақ және қазіргі кездегі мұғалімдерге қойылатын талаптар қатарына олардың ақпараттық қатынастық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетке кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде болуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енуі қажет екендігі туралы айтылған. Ал оны іске асыру үшін, барлық мұғалімдер дайындайтын жоғарғы оқу орындарының немесе педагогтарды қайта даярлау мекемелері мен білім көтеру орындарының оқыту мазмұнына толықтырулар енгізіудің нәтижесінде мүмкін екендігі туралы сөз болған.

Түйін сөздер: болашақ мұғалім, ақпараттық және коммуникациялық технология, цифрлық білім беру ресурстары, E-Learning электронды оқыту жүйесі.

Аннотация

Б.Ф. Бостанов¹, Г.Т. Абилбакиева²

¹к.п.н., старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

²магистр, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

О НЕОБХОДИМОСТИ ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ СОЗДАНИЮ И ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Данной статье рассматривается необходимость подготовки будущих учителей давать знание, используя современных информационно-коммуникационных технологии и о проблемах определяющие, о необходимости их мастерское использование в своих профессиональных деятельности, а также о необходимости формирования как специалиста умеющие разработать цифровые образовательные ресурсы и умеющие изменение имеющиеся ресурсов.

Также говорится, что необходимо включить к числу требований профессиональной подготовки будущего и нынешнего учителя умения широкого использования информационные и коммуникационные технологии в своей педагогической деятельности на высоком уровне. А также излагается реализация этого возможно, только если будем вести дополнение содержанию подготовке педагогов во всех высших учебных заведениях, организацию переподготовки кадров и повышении квалификации.

Ключевые слова: будущий учитель, информационно-коммуникационные технологии, цифровые образовательные ресурсы, система электронного обучения E-Learning.

Abstract

Bostanov B.G.¹, Abilbakieva G.T.²

¹Cand. Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer, Abai University, Almaty, Kazakhstan

²Master of Education, Abai University, Almaty, Kazakhstan

ABOUT NECESSITY OF TEACHING FUTURE TEACHERS TO CREATE AND USE DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES

This article examines the need to prepare future teachers to provide knowledge using modern information and communication technologies and the problems that determine the need for their masterful use in their professional activities, as well as the need to form a specialist who can develop digital educational resources and are able to change available resources.

It is also said that it is necessary to include the information and communication technologies in their pedagogical activity at a high level among the requirements of professional training of the future and the current teacher. In addition, the implementation of this is possible, only if we supplement the content of the training of teachers in all higher educational institutions, the organization of retraining of personnel and the upgrading of qualifications.

Key words: future teacher, information and communication technologies, digital educational resources, e-learning system E-Learning.

2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес республикада E-Learning электронды оқыту жүйесін енгізу көзделген. 2015 жылға электронды оқытумен білім беру ұйымдарының 50 пайызын қамту, 2020 жылға көрсеткішті 90 пайызға дейін жеткізу мақсаты қойылған. Сондай-ақ, «Негізгі және бейінді орта мектепте оқытылатын әрбір пән бойынша интерактивті және зияткерлік цифрлы білім беру ресурстары әзірленетін болады. Орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын цифрлы білім беру контентімен (қандай да бір ақпараттық ресурспен – мәтін, кескіндеу, музыка, бейне, дыбыс және т.б., толықтыру (мысалы: интернет ресурстар контенті) ашық қолжетімділікте толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр» [1] делінген болатын.

Аталған бағыттарды дамыту үшін құқықтық-нормативтік, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамсыздандыру, педагог мамандарды даярлаудың негізгі бағыттарының бірі. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Оның үстіне ақпараттық және коммуникациялық технологияны (АКТ) бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Сол себепті ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетке кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді педагогикалық үдерісте цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға ғана емес, оларды жасай жасауға дайындау өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетке кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді педагогикалық үдерісте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдануға ғана емес, осы құралдарды жасауға дайындау өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерістері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру, жаңа ақпараттық және АКТ-ны меңгеру және жаппай тарату үдерістерімен сипатталады. Мұндай технологиялар білім берудің жаңа жүйелерінде оқытушы мен оқушының арасында қарым-қатынас орнату және мағлұмат алмасу үшін белсенді қолданылады. Қазіргі оқытушы АКТ төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман болуы тиіс. Ашық және басқа білім беру формаларында қолданылатын АКТ құралдарының негізгі түрінің бірі оқытудың электрондық құралдары болып табылады.

Цифрлық білім беру ресурстарының мазмұны электрондық оқытудың ақпараттық жүйесінің басты құрамдас бөліктерінің бірі болып аталады, өйткені мазмұнсыз оқыту да жоқ. Өйткені, электрондық оқытудың оқу материалдары: цифрлық білімдік ресурстардан, электрондық кітаптардан, әдістемелік құралдардан, таныстырымдық материалдардан, аудио және бейне клиптерден және т.б. құралады.

Цифрлық білім беру ресурстары білім саласының ғылымы мен тәжірибесіне сәйкес, оқушылар мен студенттердің білімді шығармашылық және белсенді түрде меңгеруін қамтамасыз етуші жүйеленген материалы бар электрондық құрал болып табылады. *Цифрлық білім беру ресурстары көркемдік жағынан да, орындалуы жағынан да ақпараттық толықтығы, әдістемелік құралдардың сапасы, технологиялық орындалу сапасы, көрнекілігі, ойдың логикалығы мен байланыстығы жағынан жоғары деңгейде болуы қажет.* Цифрлық білім беру ресурстарындағы оқу материалдары қағаз нұсқасында дидактикалық қасиетін жоғалтпауы тиіс [3].

Жалпы білім беру үдерісін қолдайтын цифрлық құралдар аясындағы жүйелі зерттеулердің 43 жылдық тарихы бар. Осы уақыт аралығында елімізде қазіргі цифрлық білім беру ресурстары электрондық білім басылымдары, электрондық оқыту құралдары және т.б. электрондық білім ресурстары ретінде қарастырылып, зерттеліп келді.

Шет елдерде әдістемелік және бағдарламалық-ақпараттық құралдарды жасау қымбат жұмыс деп есептеледі. Себебі, бұл іс жоғары ғылымилықты және жоғары дәрежелі мамандардың: психолог,

оқытушы, компьютерлік дизайнер және т.б. біріккен жұмысын қажет етеді. Осыған қарамастан, еліміздегі оқу орындарда, ғылыми орталықтарда компьютерлік білім беру жүйесін жасау жобаларын қаржыландырып, оған байланысты өздерінің зерттеулерін жүргізуде. Білім беруші электрондық басылым түсінігі соңғы 43 жыл ішінде өзгеріп келе жатқан дәстүрлі болып кеткен электрондық программалық құрал түсінігінен шығады. Алғашқы электрондық программалық оқыту құралдарын жасау үшін, сол кездегі бәріне мәлім программалау тілінде программалау технологиясы қолданылды. Программалаушы рөлінде әдетте, жоғары оқу орнының студенттері немесе аспиранттар болды.

Цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) жасау мен пайдалану басынан бастап негізгі екі бағыт бойынша дамыды. Бірінші бағытта әр түрлі пәндер бойынша автоматтандырылған оқыту жүйелері жасалады. Мұндай жүйелер көп жағдайда қабықшалармен сәйкес келеді: автоматтандырылған оқыту жүйелерінің ядросы, педагогтарға мәліметтер қорына өзінің оқыту материалдарын енгізуге және арнайы тіл немесе инструментальді құралдар көмегімен оның оқыту алгоритмдерін бағдарламалауға мүмкіндік беретін авторлық жүйе болып табылады. Ал екінші бағыт осы жасалынған оқыту жүйелерінің өзіндік оқытуға пайдаланылатын әдістемесі мен нұсқаулықтары жасалып, іске асырылады [4].

Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу үдерісін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі - мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта педагог - психолог және оқу үдерісін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Компьютердің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту мәселелеріне талдау жасасақ, психологияның, педагогиканың іргелі оқыту теориясынан психологиялық-педагогикалық әдістемелік мәселелер туындайды.

Орта мектептерде пәндерді оқытудың цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланып оқыту көптеген педагогикалық ізденістер мен ғылыми-әдістемелік еңбектердің туындауының жандана түсуіне алып келеді. Яғни, қазіргі заманғы оқытудың интеллектуалдық ерекшеліктеріне сүйене отырып, білім беруді қажет етеді. Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектіні қуып кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Цифрлық білім беру ресурстарындағы компьютердің графикалық мүмкіндігінің молдығы дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Сонымен бірге цифрлық білім беру ресурстары жаңа ақпараттық технология құралдарының көмегімен оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Мұндай мүмкіндіктерді қазіргі кездегі бар және жаңадан қалыптасып келе жатқан цифрлық білім беру ресурстары, яғни оқытудың электрондық құралдары бере алады.

Ендеше мұндай оқу құралдарымен жұмыс жасату оқушылардың жаңаша дүниетанымын қалыптастырады:

- өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды;
- құбылыстарға модельдер құра біледі және т.б.

Ақпараттық және қатынастық технологиялардың мүмкіндігі қазіргі кезде күрт арта бастады. Интернет жаһандық желісінің пайда болуы және адам қызметінің барлық салаларына, оның ішінде білім саласына енуімен кеңіе түсуде. Оқытудың электрондық оқыту құралдарын, Интернет желісін пайдалану қазіргі кезеңдегі Қазақстанның білім беру жүйесіне, мәдениетіне елеулі әсер етіп, оқытудың инновациялық әдістерін дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік беріп келеді.

Білім берудегі көптеген пәндерге ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ендіру программалармен қамтамасыз ету мен білім беру саласында қолданылатын цифрлық білім беру ресурстарының мазмұнын толықтыру сияқты келелі мәселелерді туындатады. Осы мәселелер

бойынша жүргізілген іс-әрекеттер, зерттеулер осындай құралдарды жасау мен пайдаланудың теориясын және оған қажетті нормативтік құжаттарды қалыптастыруда. Осы саладағы нормативтік құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарты ҚР СТ 34.0172005-«Ақпараттық технологиялар. Электрондық басылым», «Электрондық оқу басылымы» [5].

Онда келтірілген ереже бойынша: электрондық басылым: программалық басқару құралдары мен құжаттамалары бар және кез-келген электрондық ақпарат тасымалдаушысында орналасқан немесе компьютерлік желілерде жарық көрген сандық, мәтіндік, графикалық, аудио, видео және басқа ақпараттар жиынтығы. Электрондық оқу құралы: құрамында оқу курсының ең маңызды бөлімдері, сонымен қатар есептер жинағы, анықтамалықтар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу тәжірибесін өткізуге нұсқаулар, практикумға, курстық және дипломдық жұмыстарды дайындауға әдістемелік нұсқаулары бар берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы [5].

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қазіргі пән мұғалімдерінің біразы АКТ-ны өзінің кәсіби қызметінде белсенді түрде пайдалана отыра, жекелеген оқытудың цифрлық білім беру ресурстарын жасаудан тыс қалуы мүмкін емес [2]. Сондықтан да, пәндер бойынша ЦББР-ның басым бөлігін кәсіби ұжымдар жасауға тиіс екеніне қарамастан, бұл құралдардың біразының авторлары пәнді оқытуда өз құралдарын енгізетін мектеп мұғалімдерінің өздері болып табылатындығы белгілі.

Шешімін табуы қажет тағы бір жеке мәселе пәнді оқытуда қолданылатын цифрлық білім беру ресурстарының бір-бірімен байланыссыздығы болып табылады. Бұл мәселелерді шешуде цифрлық білім беру ресурстарын жасаушылардың, оның ішінде, әрине, мектеп мұғалімдерінің қажетті кәсіби білімі мен дағдыларының болуы көп жағынан мүмкіндік жасаған болар еді.

Сонымен, пәндер бойынша цифрлық білім беру ресурстарын жасау үдерісінде мұғалім қандай рөл атқармасын, оның ЦББР жасауға қажет мәселелерді жеткілікті кәсіби деңгейде шеше алатындай білім мен дағдылары болуы тиіс. Алайда, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ пән мұғалімін педагогтық кәсіби қызметке дайындаудың қазіргі жүйесінде болашақ мұғалімдер пәндер бойынша цифрлық білім беру ресурстарын жасаудың негізін оқып-үйренуден тыс қалып жатады. Осы айтылғандардың бәрі болашақ педагог мамандарға, яғни пән мұғалімдеріне ЦББР жасау мен пайдалануды оқытудың қажеттігін білдіреді.

Мектептегі оқытылатын жекелеген пәндер бойынша оқытуда қолданылатын цифрлық ресурстардың санының өсуі мен олардың қойылатын талапқа сай еместігі пән мұғалімдерінің цифрлық білім беру ресурстарын жасауға қатысуының жиілеуі, бұл бірінші жағынан, ал екінші жағынан, мектеп оқушыларын оқытудың тиімділігін арттыру үшін сапалы ЦББР жасау мен пайдалануға болашақ мұғалімдерді оқытудың әдістемелік жүйесінің жоқтығы арасында қарама-қайшылық туғызады. Ал оны іске асыру үшін, барлық педагог дайындайтын жоғарғы оқу орындарының немесе педагогтарды қайта даярлау мекемелері мен білім көтеру орындарының оқыту мазмұнына толықтырулар, яғни арнайы оқу курсының енгізудің нәтижесінде ғана мүмкін екендігін баса айту қажет.

Енгізілетін арнайы оқу курсының мазмұнын университетіміздегі бұған дейін зерттеліп, оқыту үдерісіне енгізіліп, өз нәтижесін беріп келе жатқан «Информатика» пәні мұғалімдерін даярлауда іске асырылып келе жатқан «Электрондық оқыту құралдарын және интернет ресурстарын жасау мен пайдалану» курсының негізге алған жөн. Себебі, аталған арнайы курс бұдан бірнеше жылдар бұрын университетіміздегі «информатика» бойынша мамандар даярлаудың мазмұнына профессор Е.Б. Бидайбековтың бастамасымен енгізіліп, қазіргі уақытта республикамыздағы барлық педагогикалық жоғарғы оқу орындарында оқытылып келеді.

Бұл енгізілген курс тек информатика бойынша педагог мамандарды даярлаумен шектелген, ал E-Learning электронды оқыту жүйесінің талаптары барлық пән мұғалімдеріне бірдей қойылып отыр. Сондықтан да болашақ педагогтарды өзіндік даярлау саласы бойынша жекелей цифрлық білім беру ресурстарын жасап, пайдалана алауға оқыту заман талабы.

Ал арнайы курсты оқытудың басты мақсаты – оқушылардың осы пәннің логикалық өзара байланысқан ғылыми түсініктерінің иерархиялық жүйесін алгоритмдік және эвристикалық танымдық қызметті жүзеге асыруға жеткілікті деңгейде меңгеруін қамтамасыз ету үшін пән мұғалімін ЦББР жасау мен оны өз кәсіби қызметінде пайдалануға оқыту.

Дайындық нәтижесінде оқып үйренушілер ЦББР жасау мен пайдаланудың жаңа технологияларын білуі, ЦББР жасауда алдына міндет қоя білуі және шеше алуы, ЦББР сапасын алғашқы сараптамадан өткізе алуы, пән бойынша ЦББР құрастырудың жаңа технологияларының даму үдерісі туралы түсінігі болуы тиіс.

Қорыта айтар болсақ, егер болашақ мектеп мұғалімдерін цифрлық білім беру ресурстарын жасау мен пайдалануға арнайы дайындайтын болсақ, онда біріншіден, олар заманауи ақпараттық қатынас құралдарын пайдаланып білім бере алатын, екіншіден, оларды өздерінің кәсіби және тұрмыстық қызметінде шебер пайдалана алатын, сондай-ақ, оқытудың цифрлық ресурстарын қажетінше жасай алатын және бар құралдарға өзгертулер енгізе алатындай маман болып қалыптасуы әбден мүмкін. Әрине оқытудың әдіс-тәсілдеріне сүйенер болсақ оны іске асыру үшін, барлық пән мұғалімдерін даярлайтын жоғарғы оқу орындарының немесе педагогтарды қайта даярлау мекемелері мен білім көтеру орындарының оқыту мазмұнына толықтырулар енгізіп, арнайы оқу курстарын енгізу қажет.

Ал жекелеген пәндер бойынша цифрлық білім беру ресурстарын жасау мен пайдалануға болашақ мұғалімдерді даярлау жекелеген зерттеулерді талап етеді. Сонымен бірге болашақ және қазіргі кездегі мұғалімдерге олардың ақпараттық қатынастық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетке кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде болуы олардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енгізілуі керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы / эл. ресурс - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>.

2 Бостанов Б.Ф. Электрондық оқыту құралдарын жасауға және пайдалануға үйрету мақсатында жүргізілген тәжірибелік эксперименттің нәтижесі туралы // Хабаршы-Вестник. «Физика-математика ғылымдары» сериясы. №1(25). Алматы, 2009. Б.44-48..

3 Бидайбековпен Е.Ы., Гриншкун В.В., Бостанов Б.Ф. «Электрондық оқыту құралдарын жасау мен пайдалану» // Әдістемелік оқу құралы. Алматы, 2009.

4 Бостанов Б.Ф. «Болашақ информатика мұғалімдеріне электрондық оқыту құралдарын жасау мен пайдалануды оқытудың әдістемелік негіздері»// п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2009.

5 ҚР СТ 34.017 2005.- «Ақпараттық технологиялар. Электрондық басылым», «Электрондық оқу басылымы».- Енгізу күні: 01.01.2006. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарты.

ГРНТИ 20.15.07

УДК 002.6.021

С.Н. Исабаева ¹, Л.А. Смагулова ², Н.М. Абишева ³, В.Ж. Керімбаева ⁴

¹ п.ғ.к., қауымд.профессор м.а, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

² п.ғ.к., қауымд.профессор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ., Қазақстан

³ п.ғ.к., қауымд.профессор Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

⁴ инф. ғ.магистрі, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН ТЕСТІЛЕУДІ АВТОМАТТАНДЫРУ - ЦИФРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІ ҚҰРУДЫҢ БІР ЭЛЕМЕНТІ

Аңдатпа

Мақалада білімді тестілеудің автоматтандырылған жүйесі цифрлық университетті құрудың бір факторы ретінде қарастырылған. Білімді тестілеу үдерісін автоматтандыруға мүмкіндік беретін программалық өнімдердің көптілігіне қарамастан, олардың бірқатарының кемшілігі де жоқ емес. Сондықтан, нақты пайдаланушыға бағытталған жаңа құралды құрылымдау маңызды және өзекті мәселе болып табылады. Аталған мақалада білімді тестілеудің автоматтандырылған жүйесін құру талаптары ұсынылған. Мұндай жүйені енгізу оқытушы мен Білім алушының уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар білімді мейлінше нақты бағалауға жағдай жасайды және цифрлық университеттің бір құраушысы ретінде қызмет атқарады.

Түйін сөздер: тест, жүйені автоматтандыру, компьютер, құрал, цифрлық университет, білімді тестілеу, интерфейс.

Аннотация

С.Н. Исабаева¹, Л.А. Смагулова², Н.М.Абишева³, В.Ж.Керимбаева⁴

¹ к.п.н, и.о.ассоц.профессор, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», г.Алматы, Казахстан

² к.п.н, ассоц.профессор, Жетысуского государственного университета им.И.Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан

³ к.п.н, ассоц.профессор, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», г.Алматы, Казахстан

⁴ магистр, Алматинский технологический университет, г.Алматы, Казахстан

СОЗДАНИЕ АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ ТЕСТИРОВАНИЯ ЗНАНИЙ КАК ЭЛЕМЕНТ СОЗДАНИЯ ЦИФРОВОГО УНИВЕРСИТЕТА

В статье рассматривается создание автоматизированной системы тестирования знаний как как один из факторов создания цифрового университета. Несмотря на то, что разработано достаточное количество программных продуктов, позволяющих автоматизировать процесс тестирования знаний, многие из них обладают недостатками, либо излишней функциональностью. Разработка нового продукта, ориентированного на конкретного пользователя, является важной и актуальной задачей. В данной статье рассмотрено требование системе автоматизации тестирования знаний. Внедрение данной системы позволит экономить время преподавателей и учащихся, приведет к более объективному оцениванию знаний, а также как один из факторов создания цифрового университета.

Ключевые слова: тест, автоматизация системы, компьютер, средства, цифровой университет, тестирования знаний, интерфейс.

Abstract

CREATION OF THE AUTOMATED KNOWLEDGE TEST SYSTEM AS ELEMENTS OF THE CREATION OF THE DIGITAL UNIVERSITY

Issabaeva S.N.¹, Smagulova L.A.², Abisheva N.M.³, Kerimbaeva V.Zh.⁴

¹ Cand.Sci. (Pedagogical), Associate Professor, Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak", Almaty, Kazakhstan

² Cand.Sci. (Pedagogical), Associate Professor, I. Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

³ Cand.Sci. (Pedagogical), Associate Professor, Egyptian University Islamic Culture "Nur-Mubarak", Almaty, Kazakhstan

⁴ Magister of Education, Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

The article deals with the creation of an automated system for testing knowledge as one of the factors in the creation of a digital university. Despite the fact that a sufficient number of software products have been developed to automate the process of testing knowledge, many of them have deficiencies or excessive functionality. The development of a new product, focused on a specific user, is an important and urgent task. In this article, a requirement is considered for the automation of knowledge testing. The introduction of this system will allow saving the time of teachers and students, lead to a more objective assessment of knowledge, and also as one of the factors in the creation of a digital university.

Key words: test, system automation, computer, facilities, digital university, knowledge testing, interface.

Цифрлық технологиялардың пайда болуы қазіргі кезде іске асырылған қызметтерге қарағанда жоғары сапалы қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді. Жаңа технологиялық инновацияларға және еліміздің болашақ жаңару мен даму бағдарламасына сәйкес барлық сала бойынша өз деңгейінде цифрландыру жүйесі қызмет етіліп келеді. Тұтынушы мен қолданушының айтарлықтай тиімді құралдарының біріне айналған – цифрлық құрылғылар қазіргі заманда әлемдегі барлық адамдардың тынымсыз, еңбек етуші құрылғысына айналып отыр. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік органдардың қызметін цифрландыру қажеттілігі қарастырылған[1]. Мемлекеттік органдардың бейіндік қызметі автоматтандырылуда, алайда әлі де цифрландырумен толыққанды қамтылмаған қызмет салалары бар. Соның бірі цифрлық университет қалыптастыру. Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарының бірқатарында цифрлық университетті қалыптастырудың бір факторы ретінде білім алушылардың білім деңгейін анықтауға арналған тестілеу жүйесін автоматтандырды айтуға болады.

Қазіргі жоспарланып отырған тестілеу процесін цифрландыру біршама қиындықтарды талап етсе де, соңында сапалы нәтиже керектігі дәлелденіп отыр. Тестілеу процесін цифрландыру айтарлықтай бірнеше айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Әсіресе, тестілеу процесін цифрландыру білім алушылардың білім деңгейін тестілеудің автоматтандырылған жүйесін құруды қажет етеді.

Цифрландыру және автоматтандырылған жүйені жобалау мәселелері (бірізділік, белгілі сатыдағы жобалық қызметтің мазмұны және т.б.) И.В.Бочкова, М.М.Буняев, Г.М.Киселев, Т.А.Сергеева, Н.Невуева, О.К.Филатов, Е.Бидайбеков, Б.Бостанов және т.б. жұмыстарында қарастырылған [2].

Сонымен бірге бағдарламалық орталарды құру (К.Г.Кречетников), көп функционалды оқыту - ақпараттық құралдарды (С.В.Панюкова) компьютерленген оқу құралдарын (И. Г. Захарова, Л.Х.Зайнутдинова, Э.Г.Скибицкий, В.А.Стародубцев, В.Ф.Шолохович), компьютерлік оқытатын жүйелерді (А.И.Башмаков, И.А.Башмаков), компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға (П.И.Образцов, И.В.Роберт) негізделген кәсіби бағытталған пәндік бағдарламалық-дидактикалық комплекстер құру бойынша жұмыстарда автоматтандырылған тестілеу жүйесінің болуы міндетті екені келтірілген [3].

Автоматтандырылған жүйе жасауда негізгі рөл программистке беріледі. Алдын-ала жоспардың негізінде автоматтандырылған жүйе құрастыру кезеңдері анықталады (оларды жобаның өмірлік циклдарының кезеңдері деп те атайды). Автоматтандырылған жүйе құрастыруда мынандай технологиялық тізбек болады:

- әдістемелік бөлім (тұжырымдаманы жасау, бастапқы материалдардың жобалануы, дайындығы);
- интерфейсті жасау – инженерлік-эргономикалық бөлім;
- қабықшаны толтыру, жұмысты тестілеу және отладка - өндірістік бөлім.
- автоматтандырылған жүйе оқыту үрдісіне енгізу - ақпараттық орта бөлімі.
- Оқытушы мен Білім алушының өзара әрекеттесуі – ұйымдастырушылық- әдістемелік бөлім.

Тестілеу – бұл мақсатқа бағытталған, барлық байқалушылар үшін бірдей, қатал бақылау жағдайында жүргізілетін, педагогикалық үдерістің оқып-үйренетін сипаттамаларын объективті түрде өлшеуге мүмкіндік беретін үдеріс. Тестілеу басқа тәсілдерден нақтылығы, қарапайымдылығы, жеткіліктілігі, автоматтандыру мүмкіндігімен ерекшеленеді [4].

Тестілеу бағалаудың мейлінше объективті тәсілі болып табылады, және бірқатар принциптерге жауап береді:

- үлкен санды сыналудың бірыңғай сынақ сериясын қолдану;
- нәтижелерді статикалық өңдеу;
- бағалау эталондарын ерекшелеу.

Педагогикалық тестілеу саласында негізгі екі тәсіл бар:

- нормативті-бағдарланған;
- критериялы-бағдарланған.

Бірінші тәсіл үшін басқа білім алушылардың нәтижесімен жеке нәтижені салыстыру тән. Бұл тестер оқу жетістіктері деңгейін салыстырумен, ранжирлеумен және іріктеумен байланысты міндеттерді шешуге арналады.

Екінші тәсіл негізінде тестілеудің жеке нәтижелерін оқытудың берілген кезеңінде білім алушылар меңгеруі тиіс білімнің жалпы көлемімен салыстыру жатады. Бұл тестілеулер сыналуды меңгерген оқу материалының көлемін бағалаумен байланысты есептерді шешуге қолданылады.

Білімді тестілеу жүйесі тесті құру мен редакциялауға, тестілеуді жүргізуге және нәтижелерді талдауға арналады. Ақпараттық технологиялардың қазіргі даму деңгейінде мұндай жүйені қолдану өте ыңғайлы, бұдан басқа практикалық түрде оқыту үдерісін жетілдіру үшін де қажет болып табылады.

Оқыту үдерісін жетілдіру әртүрлі критерийлері бойынша жүзеге асырылады. Оқыту үдерісінің маңызды құрамды бөлігі – білімді бақылаудың объективті әдістемесін дайындау болып табылады.

Білім сапасын бақылаудың негізгі қызметтері:

- бақылау қатені көру мүмкіндігін, оқыту нәтижесін бағалауға, білімнің олқылықтарын түзетуге мүмкіндік береді;
- дұрыс ұйымдастырылған білімді бақылау қатені дұрыстау бойынша мақсатқа бағытталған жұмысқа ұмтылыс жасауға көмектеседі;

Білімді бағалауда объективтілік мәселелері де жоқ емес. Әртүрлі Оқытушылардың бірдей бағасы білімнің түрлі деңгейіне сәйкес келуі мүмкін. Бұл мәселе тестілеу арқылы шешілуі мүмкін.

Компьютерлік тестілеу әдісімен білімді бағалаудың артықшылығына келесілер жатады:

- тестілеу нәтижелерін өңдеудің оперативтілігі;
- Білім алушылар білімін меңгеру үдерісінің даралығы;
- Оқытушыларды көп жұмыстан босату.

Соған қарамастан, тестіні жазу және тапсырмаларды қалыптастыру оқытушылардың мойнына жүктеледі, бұл міндет те қарапайым емес екендігі белгілі. Тесті орындауға кететін уақыттық шектеуді

ескере отырып, оқылып жатқан курстың бағыты мен білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкестік тұрғысынан тестің сапасын бағалау қажет.

Программалық-есептеу кешені пәннің оқу жоспарындағы тақырыптар бойынша білім алушылардың білімін тестілеуді автоматтандыруға арналады. Жүйе Интернет басты желісінде жұмыс істеуі тиіс.

Ұйымдастырушылық- әдістемелік бөлімде программалық есептеуіш жүйесін екі үлкен ішкі жүйеге бөлуге болады: "Білім алушы" және "Оқытушы". Білім алушылардың білімін тестілеуді автоматтандыру жүйесіне қолжетімділік құқығы «Білім алушы», «Оқытушы», «Администратор» мәнін қабылдай алады. Жаңа пайдаланушыны тіркегеннен кейін ақпаратты тексергеннен кейін әрбір тіркелген пайдаланушы, келтірілген мәндердің біреуіне кіру құқығына ие болады.

Оқытушы оқу жоспарына сәйкесінше тестілерді орналастырады және Білім алушыларға кіруге рұқсатты ашады. Білім алушылар жүйенің қызметімен танысу үшін байқау тестінен өтуге, сонымен қатар кіруге рұқсат етілген тестен өтуге және тақырыптың теориялық бөлімін оқып-игеруге құқығы бар. Администратор жүйенің барлық бөлігіне кіруге және өзгертуге, өшіруге және тестіні және теориялық блокторын құруға, Білім алушылардың тіркелуін бекітуге және тексеруге мүмкіндігі бар. Пайдаланушыны кіргізу үшін жүйемен жұмыстың басында пайдаланушыға жеке ат және пароль меншіктеледі.

Пайдаланушы «Білім алушыға» тесті шешуге, теориялық материалмен танысуға, сонымен қатар «Оқытушы» мен «администраторға» хабарлама қалдыруға мүмкіндік береді.

Дайындалатын ішкіжүйе пайдаланушыға барлық мүмкіндік беруі тиіс:

- жүйемен жұмыс істеуді оқыту үшін байқау тестілеуінен өту;
- тест өту жоспарланатын, пәнді және тақырыпты таңдау;
- берілген тақырып бойынша теориялық блокпен таныстыру;
- «Оқытушы» ішкіжүйесінде берілген рұқсат негізінде тестен өту;
- өтілген тестің нәтижесі бойынша есеп алу;
- Оқытушымен хабарлама алмасып отыру;

Жүйе арнайы талаптарға сәйкес болуы тиіс:

Қауіпсіздік жүйенің қызметіне қолжетімділік тіркелген пайдаланушыға ғана ашық болуы тиіс;

Кіру – жүйенің мүмкіндіктеріне кіру локальды, сонымен қатар интернет желісімен де мүмкін болуы тиіс.

Сенімділігі – Білім алушыларға тестен өту туралы мәліметтердің сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет;

Жүйені қолдану бойынша жетекшілік Оқытушы мен Білім алушыларға арналған нұсқауларға бөлінуі тиіс.

Білім алушыларға арналған нұсқаулар жүйеге тіркелу бойынша түсіндірмелер мен ондағы жұмыстың сипаттамасын қамтуы тиіс.

The main directions of modernization of the education system of the Republic of Kazakhstan, corresponding to modern requirements of science and education, are clearly indicated in the state program of science development for 2016-2019. The main objectives are to improve the competitiveness of the national education system and improve the quality of education. Therefore, it is clear that further improvement of the efficiency and methods of preparing students for learning is a necessary need. Changes in the country, new strategic directions of sustainable development and openness of society, its operational Informatization, intensity radically changed the requirements for education. The introduction of a new model of education requires that special attention be given to education as a process of personal development.

The development of Informatization of education is a part of the system of continuous education in modern society and its importance in ensuring the intellectual ability of man is especially important. With the introduction of the new model of education, special attention is paid to education as a process of personal development.

The problem of forming the algorithmic style of thinking of students is particularly relevant in the modern educational process. Algorithmic thinking is a necessary part of a scientific view of the world. Informatics has the greatest potential for the formation of algorithmic thinking among students of natural Sciences.

Key words: algorithmic thinking, programming, modernization, digitalization, logical thinking, system of tasks

Қазіргі заман талабына сай еліміздің білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты міндет – білім беру сапасын көтеру және ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Сондықтан оқыту әдістемесін жетілдіру және оқушыларды даярлау тиімділігін одан әрі көтеру қажеттілі анық мәселе [1].

«...Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл — маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Осыған орай, Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын». [2].

Елбасымыз бүгінгі күні Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып берді. Жолдаудағы атап көрсетілген төртінші басымдық - адами капитал сапасын жақсарту.

Әлемдік деңгейдегі білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін қалыптастырмай Үшінші жаңғыруды жүзеге асыру да еш мүмкін емес. Бұл ретте жаһандық жаңа қатерлерге қарсы адами капиталды да сапалы дамыту қажет. Ал адами капиталдың өзегі - білім. Білім болашақ дамудың кепілі. Сондықтан да, Елбасы бұл басымдық бойынша білім беру жүйесінің рөлін өзгертуді меңзейді. Білім арқылы бәсекеге түсу, білім арқылы озу - қай жағынан алғанда маңызды міндет. Өйткені ғылым дамымай дүние дамымайтыны әмбеге аян. Бұл ретте қазақстандық білім берудің басты міндет - білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Президент білім саласын дамыту туралы айтқанда, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттауды, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керектігін алға тартады. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайтуға назар аударады.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда.

Информатикалық білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлігі және қазіргі қоғамда адамның зияткерлік қабілетінің дамуын қамтамасыз етуде маңыздылығы жоғары. Ал, орта білім беру жүйесінде информатиканы оқыту оқушылардың танымдық қабілеттері мен логикалық ойлауын дамытумен ерекше орын алады.

Осыған байланысты, оқу пәндердің негізгі міндеті – пән бойынша білімдерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың тұлға ретінде белгілі бір қасиеттерін қалыптастыру, олардың ойлау қабілетін қалыптастыру болып табылады. Атап айтқанда, мектеп информатика курсы ең

алдымен оқушылардағы ғылымға тән ойлау стилін, атап айтқанда алгоритмдік ойлауды қалыптастыруға бағытталуы керек.

Алгоритмдік «дағдылар мен қабілеттер жалпы мәдени, жалпы білім беру, әмбебап құндылықтарға ие және қазіргі әлемде білім беру деңгейіне және оның кәсіби мүдделерін қолдану саласына қарамастан іс жүзінде әрбір адам үшін қажет» идеясы шамамен 20 жыл бұрын тұжырымдалған. Дегенмен, осы уақыт ішінде, компьютерлік технологиядағы жылдам прогреске қарамастан және оның адам өмірінің барлық салаларына енуіне қарамастан, алгоритмдік ойлау тәсілінің таралуы айтарлықтай өзгерген жоқ. Мектептер мен жоғары оқу орындарында компьютерлік білім берудің әмбебап оқытуы осы салада пайдалы әсерге ие болуы керек, бірақ бұл әлі болған жоқ. Демек, оқушылардың алгоритмдік ойлауын дамытудың жаңа тиімді құралдарын іздестіру қажет, өйткені ол ақпараттық қоғамда жеке тұлғаның одан әрі өзін-өзі жүзеге асыруы үшін маңызды.

Ақпараттық технологиялар дәуірінде информатика курсының оқып үйренгенге дейін, қазіргі заманғы мектеп оқушылары әлеуметтік желілерде жұмыс істеу тәжірибесі бар, компьютерде жұмыс істеу негіздерімен таныс болып келеді. Мұғалімнің міндеті күрделі - компьютердегі компьютерлік ойындар мен әлеуметтік желілерден оқушылардың қызығушылығын жеке өзін-өзі дамыту және кәсіби өсудің құралы ретінде аудару қиын соғады.

Қазіргі цифрландыру заманында мектеп информатика курсына оқушылардың алгоритмдік ойлауын дамытуда есептер жүйесін жүйелі түрде бере отырып оларды программалауға үйрету маңызды болып табылады. Сол есептер жүйесін жасаған кезде негізінен өмірден алынған есептерді шығару арқылы программалауға үйретсек, оқушылардың алгоритмдік ойлауы неғұрлым ерте дамиды, соғұрлым тиімді болатындығы белгілі. Мектеп информатика курсына өмірден алынған есептер жүйесі арқылы программалауды оқыту мәселесі аз зерттелген.

Педагогикалық үрдісте есеп ғылыми білімдер жүйесін меңгерудің, «шынайы өмірден алынған», өндірістік есептерді шешу біліктіліктерін қалыптастыру құралдарының бірі болып табылады. Әрбір есепті шешу үшін оқушыдан бұрынғы алған білімдерін жүйелеп және шығарып қана қоймай, сонымен қатар олардан бұрынғы белгілі нәрселерге сүйене отырып оларға белгісіз жаңа білімді, оларға бұрын белгілі болмаған жаңа тәсілдер мен құралдарды іздестіріп және меңгеруді талап етіледі. Есептер оқушылардың ойлау қабілетін ынталандырып, олардың оқу қызметін ақпарат іздестірумен жақындатады, белгілі бір дәрежеде ғылыми таным құралдарының кезеңдерімен, әдістерімен таныстырады және оларды одан кейінгі оқу қызметіне дайындайды.

Оқушыларды алгоритмдік ойлау негіздеріне оқыту орындаушы ұғымына негізделеді. Бұл ұғым соңғы уақытта информатика мұғалімінің күнделікті қолданысына енген және көптеген курстар осы тәсілдемеге негізделген. Орындаушыны батырмалар жиынтығымен қамтамасыз етілген робот түрінде қарастыруға болады. Әрбір батырма робот орындай алатын бір әрекетке сәйкес келеді. Батырманы басу роботтың белгілі бір әрекет орындауына алып келеді. Робот белгілі ортада әрекет етеді. Орындаушыны сипаттау үшін ол әрекет ететін ортаны және әрбір батырма басылғанда орындалатын әрекеттерді анықтау қажет. Орындаушыларды енгізудің негіздемесі – есеп. Информатикада қолданылатын орындаушылар дәстүрлі. Алгоритмдік ойлау логикалық ойлауға тән кейбір қасиеттерге ие болады, бірақ қосымша қасиеттерді қажет етеді. Оларға қойылған есепті шешу үшін қажет реттелген әрекеттерді табу біліктілігі және бастапқы есепті шешуге алып келетін қарапайым есептерді берілген есептен табу. Логикалық ойлаудың болуы міндетті емес, бірақ алгоритмдік ойлау болуы тиіс.

Қазіргі уақытта балалардың алгоритмдік ойлау қабілетін дамытуға арналған көптеген бағдарламалар бар. Үнемі дамыту сабақтарын өткізу барысында, жүйелі ұйымдастырылған қызықты тапсырмаларды орындау кезінде алгоритмдік ойлау, өзбетінділік сияқты қымбат қасиеттерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдай құрылады. Компьютерлік жаттығулар сабақ түрлерінің бірі, ол барлық сабақтар бойынша жасалып, сабақтың апофеозы болуы тиіс. Кез келген информатика сабағында компьютерлік және компьютерлік емес фрагменттер болуы тиіс. Олардың дұрыс үйлесімділігі әдістемелік және эргономикалық талаптармен анықталуы тиіс.

Көптеген үйретуші бағдарламалар белгілі дағдыны қалыптастыруға бағытталып, жобаланатындығына қарамастан, сабаққа кірістірілген компьютерлік бағдарламаларлар көпмақсаттылық әдістемелік жүктемеге ие болуы тиіс.

Мектеп информатика курсына «Алгоритмдеу және программалау» тарауын оқытқанда алгоритмдік ойлау стилін дамыту маңызды болып табылады. Алайда практикада осы тарауды оқыту кезінде аса маңызды назар аударылмайды. Көбінесе мектеп информатика курсына ақпараттық технологияларды оқытуға аса назар аударылады. Ал программалауды оқыту мүлдем оқытылмайды немесе кәсіби бағдарлы сыныптарда, яғни 10-11 сыныптарда оқытылады. Мұның себебі – мектеп

информатика мұғалімдерінің программалау және алгоритмдеу саласындағы дайындық деңгейінің жеткілікті болмағандығында. Алайда, оқушылардың алгоритмдік ойлауын неғұрлым ерте дамытса, соғұрлым тиімді болатындығы белгілі. Мектеп информатика курсына программалауды оқыту мәселесі аз зерттелген.

Программалауды оқыту тәжірибесі басты қиыншылықтар программалау тілінің синтаксисі және негізгі конструкцияларын оқып үйренгенде емес, алгоритмдеу кезінде туындайтынын көрсетеді. Бұл қиыншылықтар алгоритмдік ойлауды қалыптастыру деңгейінің жеткіліксіз болуымен, жоғарғы деңгейдегі абстракциялау мен логикалық материалдарды қабылдауға дайын еместігімен байланысты.

Қазіргі заманғы мұғалім оқушылардың білімін меңгеруге бағытталған есептерді шеше білулеріне ғана емес, сонымен қатар олар сол есептердің қолданысын көре білу және күнделікті өмірде алған білімдерін қолдана білулеріне көңіл бөледі. Білімдерінің қалыптасуын тексеру үшін арнайы (дәстүрлі тапсырмалардан тыс) тапсырмалар мен есептер құрастырулары керек. Әдебиеттерге саралау нәтижесі қазіргі кезде осы бағыттағы жұмыстардың кең ауқымды жүргізіліп жатқандығын көрсетеді. Біздің ойымызша, оқушылардың алгоритмдік ойлауын дамытуда ескрілетін негізгі педагогикалық технологиялардың бірі «шынайы өмірден алынған» есептер негізінде жүзеге асырылатын есептер тәсілі болып табылады [3].

Практикаға бағытталған «шынайы өмірден алынған» есептер деп бізді қоршаған ортада туындайтын, оқушының жеке тәжірибесіне сүйенетін және сонымен қатар алған білімдерін сол есептерді шешуге қолдануды түсінеміз.

«Шынайы өмірден алынған» есептерді шешу үшін оқушы әр түрлі типтегі есептерді шешудегі өзінің тәжірибесіне сүйене отырып шешімді өзі анықтауы керек. «Шынайы өмірден алынған» есептерді шешімін табу қалайша жүзеге асырылады. Бұл сұраққа әмбебап жауап табу мүмкін емес. Алайда әрбір мұндай есепте жіптің бір ұшы сияқты өзінің ерекшеліктері болады. Сол ерекшелікті ескере отырып шешсе, жіптің екінші ұшын оңай табуға болады. Мұндай ерекшелік ретінде «шынайы өмірден алынған» есептерді шешудің негізгі идеясы болып табылады.

«Шынайы өмірден алынған» есептерді шешу күрделі үрдіс, оны сәтті жүзеге асыру үшін оқушылар ойлай білулері керек, сонымен қатар материалдарды жақсы білулері керек, есепті шешудегі жалпы тәсілдерді қолдана білулері керек. «Шынайы өмірден алынған» есептерді шешу оқушылардың бойында информатика және оның қолданылу салаларына деген қызығушылығын оятады, программалық материалдар бойынша білімдерін тереңдетеді, жеке оқушылардың және жалпы сыныптың қабілеттерін жақсы жағынан дамытуға көмектеседі. Күрделілік деңгейі жоғары «шынайы өмірден алынған» есептердің шешімін таба білу оқушылардың логикасының дамуының жоғары көрсеткіші болып табылады.

Әрбір адам өзінің өмірінде көптеген есептерді шешеді. Әрбір оқу пәнінің өзінің есептер жинағы болады. Мұндай есептер жинағын құрастырушылар есептерді шығару барысында, біріншіден, сол пәннің білімі мен біліктіліктерін меңгеруге, екіншіден, адамның сәйкес танымдық үрдістерінің қалыптасуына бағыттайды. Алайда сол бір есепті шешу барысында әр түрлі адамдар әр түрлі нәтижелер алады, біреулері шындығында оқып үйренеді, ал кейбіреулері ештеңе үйрене алмайды. Ал бұл есептер «шынайы өмірден алынған» есептер болу үшін адам ол есептерді шындығына да «шынайы өмірден алынған» есептер деп қабылдауы керек. Құрылымы жағынан «шынайы өмірден алынған» есептер басқа да есептермен сәйкес келуі мүмкін. Бірақ та оқушылардың алдына қойған мақсаттары әр түрлі болуы мүмкін. Ол нақты аудиторияға байланысты.

«Шынайы өмірден алынған» есептерді қолдану оқушыларды есептерді бірден оны шешуге көшпей, әрбір есептің шарттарына алдын-ала талдау жасап барып шығаруға үйретеді.

«Шынайы өмірден алынған» есептерді шешуге оқыту әдіс-методын сипаттау үшін 7-9 сыныптардағы «Алгоритмдеу және программалау» тарауы таңдап алынды.

«Шынайы өмірден алынған» есептерді шешуге оқытуда оқушылардың ой әрекетін ұйымдастыру үшін сабақты логикалық ойлауды дамытуға бағытталған материалдармен толтыру керек. «Шынайы өмірден алынған» есептерді шешу кезінде әрбір оқушы өздігінен жұмыс істеу дағдысына ие бола бермейді. Оқушыларды әсіресе есептің шартын талдау кезеңінде, топтық ой әрекетіне жұмылдыра отырып есептің шешімінің әр түрлі жолдарын іздестіру, болжам жасау оқушылардың әрбіреуінің есептің шешімін табу үрдісіне қатысушы ғана болып қоймай әрбір оқушы есептің шешімін айтып, топтың талқысына салу арқылы олардың алгоритмдік ойлау дағдылары қалыптасады. «Шынайы өмірден алынған» есептерді таңдағанда әрбір оқушының өз мүмкіншіліктерін жүзеге асыра алатындай есептерді жинақтау қажет. Біз өзіміздің жұмысымызда осындай «Шынайы өмірден алынған» есептерді жинақтап, оларды тақырыптар немесе белгілі бір сала бойынша топтастыра отырып оқушыларды программалауға үйрету мәселелерін қарастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.

2 Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar

3 Степанова Т.А. Методические условия развития алгоритмического мышления школьников на уроках информатики. / Информатика в школе: прошлое, настоящее и будущее: материалы Всеросс. науч.-метод. конф. по вопросам применения ИКТ в образовании, 6 – 7 февраля 2014 г.

УДК 37.0(004)
ГРНТИ 20.01.04

С.А. Нугманова¹, А.М. Ахметова²

*¹к.п.н., старший преподаватель Казахского национального университета имени Абая,
г. Алматы, Қазақстан*

*² старший преподаватель Казахского национального университета имени Абая,
г. Алматы, Қазақстан*

ЦИФРОВОЙ УНИВЕРСИТЕТ В СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

Аннотация

Мы живем в век цифровизации, когда концентрация новых цифровых технологий велика как никогда. Эти технологии уже влияют на деятельность университетов. Мы верим в то, что университетам еще предстоит существенно модернизоваться, чтобы реализовать выгоды от цифровизации и предоставить абитуриентам, студентам, научно педагогическим работникам и партнерам больше возможностей. Модернизация невозможна без выработки и реализации осознанной стратегии цифровизации, которая бы учитывала особенности и специфику деятельности университета.

Сфера образования также подвержена существенным изменениям из-за все более активного распространения цифровых технологий. Как обычно, тренды в области внедрения цифровых технологий в образовательную и научно-исследовательскую деятельность задают коммерческие организации — частные университеты, школы. Но государственные университеты и институты все больше и больше начинают задумываться о цифровой модернизации.

Ключевые слова: цифровизации, робототехника, STEM-парк, Роботрек, онлайн-образование, цифровая библиотека, модернизация, мехатроника.

Аңдатпа

С.А. Нугманова¹, А.М. Ахметова²

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

*¹п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан*

*² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан*

Біз жаңа сандық технологияның айтарлықтай шоғырландырылған цифрландыру заманында өмір сүрудеміз. Бұл технологиялардың университет қызметіне әсер етуде. Цифрландырудың пайдасын іске асыру үшін және талапкерлерге, студентерге, ғылыми педагогикалық қызметкерлер және серіктестерге көп мүмкіндіктер беру үшін университетіміз әлі айтарлықтай модернизациялауы керек екендігіне сенеміз. Университеттің ерекшелігін ескермей саналы цифрлау стратегиясын әзірлеп, жүзеге асырмай модернизациялану мүмкін емес.

Білім беру саласы да цифрлық технологияларды белсенді таратумен байланысты елеулі өзгерістерге ұшырайды. Әдеттегідей, цифрлық технологияларды білім беру және ғылыми зерттеу қызметтеріне енгізу үрдісі коммерциялық ұйымдар – жекеменшік жоғары оқу орындары, мектептер. Бірақ мемлекеттік университеттер мен институттар сандық модернизация туралы көберік ойлана бастайды.

Түйін сөздер: цифрландыру, робототехника, STEM-парк, Роботрек, онлайн-білім беру, цифрлық кітапхана, модернизация, мехатроника.

Abstract

DIGITAL UNIVERSITY: IN MODERN EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Nugmanova S.A.¹, Akhmetova A.M.²

¹ Cand.Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer of the Abai University, Almaty, Kazakhstan

² Senior Lecturer of the Abai University, Almaty, Kazakhstan

We live in an age of digitalization, when the concentration of new digital technologies is greater than ever. These technologies already influence the activities of universities. We believe that universities have yet to significantly modernize in order to realize the benefits of digitalization and to provide applicants, students, NDPs and partners with more opportunities. Modernization is impossible without the development and implementation of a conscious digitalization strategy, which would take into account the specifics and specificity of the university.

The sphere of education is also subject to significant changes due to the increasingly active dissemination of digital technologies. As usual, the trends in the introduction of digital technologies in the educational and scientific research

Key words: digitalization, robotics, STEM-park, Robotrack, Online-education, digital library, modernization, mechatronics.

Постановлением правительства Казахстана за № 827 от 12 декабря 2017 года утверждена Государственная программа «Цифровой Казахстан». Основной миссией программы является повышение качества жизни жителей и конкурентоспособности экономики страны, за счет использования и развития цифровых технологий.

Реализация программы запланирована по двум векторам развития: «Цифровизация существующей экономики» в среднесрочной перспективе и «Создание цифровой индустрии будущего» в долгосрочной перспективе.

120 запланированных мероприятий программы сформируют основы цифрового сектора как новой отрасли экономики и будут реализовываться в нескольких направлениях: «Цифровизация отраслей экономики», «Переход на цифровое государство», «Реализация цифрового Шелкового пути», «Развитие человеческого капитала» и «Создание инновационной экосистемы» [1].

Реализация программы может стать ключевым фактором достижения цели поставленной Президентом Республики Казахстан в Стратегии «Казахстан-2050» по вхождению Казахстана в число 30 наиболее конкурентоспособных стран мира к 2050 году.

Цифровизация имеет большой потенциал, способный полностью изменить методику и каждый этап в процессе обучения. Особенно в сфере высшего образования, где уже большим спросом пользуются онлайн-курсы, тренинги и более инновационные методы получения знаний.

Развитие цифровых технологий меняет и экономику образования. Даже самые престижные университеты мира должны их внедрять, если хотят быть конкурентоспособными. Перечислим главные тенденции трансформируют конкурентную среду в сфере высшего образования [2]

Демократизация образования. Благодаря цифровым технологиям в разы увеличится доступ к лучшим образовательным практикам, в частности, у студентов развивающихся стран.

Непрерывное обучение. Высшее образование становится доступным не только студентам, посещающим классы в стенах университета. Цифровое образование предлагает нетрадиционные методы обучения для уже работающих студентов, родителей-одиночек и тех, кто желает полностью сменить род деятельности, но пока продолжает трудиться по основной специальности.

Индивидуализация образования. Цифровое образование более гибкое и больше адаптировано под конкретные нужды человека: какие курсы когда и как изучать – каждый выбирает самостоятельно. Это позволяет сделать процесс обучения более эффективным, быстрым, а также наладить обратную связь со студентом.

Постоянные технологические улучшения. Цифровому образованию содействует развитие новых возможностей в мобильных устройствах, системах управления, облачных системах, видео и других технологичных направлениях.

Цифровые студенты. Сегодняшние студенты свободно пользуются любыми цифровыми технологиями и привыкли получать то, что хотят, когда хотят, где бы они ни находились.

Изменения в потребностях работодателей. Цифровизация и автоматизация рабочих мест постоянно требуют новых, более совершенных навыков. Потому работодатели требуют, чтобы вузы предоставляли больше возможностей их сотрудникам в доступе к образовательным программам.

Многие университеты используют цифровые технологии только как дополнительный источник дохода – благодаря наличию онлайн-курсов.

Между тем вузам (даже тем, которые предлагают такие курсы) следует полностью внедрить цифровые технологии в образовательную среду. Это позволит им иметь более эффективную программу и отвечать запросам студентов (обучающимся онлайн или традиционным способом),

внедрять инновации среди работников и преподавателей, преобразовывать академическую деятельность.

Приведем основные принципы внедрения цифровых технологий в образовательную среду.

Цифровое образование и исследования. Университету следует принять ряд мер по развитию цифровых технологий, а не только запускать онлайн-курсы. К ним относятся: цифровое преподавание и поддержка обучающихся и мониторинговых систем; масштабное и повсеместное онлайн-образование, охватывающее большую аудиторию по всему миру; функциональные аккредитация и экзаменационные процедуры; проведение исследований с помощью цифровых технологий (поиск и анализ данных посредством цифровых инструментов, цифровые коммуникации, полная транспарентность и пр.).

Стратегия и партнерства. Университет должен принять цифровизацию как часть своей общей стратегии, чтобы преобразовать существующие структуры и процессы, внедрить изменения и инновации.

Инфраструктура. Цифровизация должна быть неотъемлемой частью инфраструктуры университета. Важно иметь удобную технологичную среду для исследовательской деятельности, цифровые лаборатории, повсеместный легкий и быстрый доступ к Wi-Fi, беспроводные зарядные станции, центры обработки данных.

Сфера образования также подвержена существенным изменениям из-за все более активного распространения цифровых технологий. Как обычно, тренды в области внедрения цифровых технологий в образовательную и научно-исследовательскую деятельность задают коммерческие организации — частные университеты, школы. Но государственные университеты и институты все больше и больше начинают задумываться о цифровой модернизации.

Задумывались ли вы когда-нибудь, как будет выглядеть университет через 20-50 лет?

Влияние цифровизации и новых технологий на все сферы жизни современного человека

Современные цифровые технологии дают новые инструменты для развития университетов и других образовательных учреждений во всем мире. Цифровизация обеспечивает возможности для обмена накопленным опытом и знаниями, что позволяет людям узнать больше и принимать более обоснованные решения в своей повседневной жизни.

Среди интересных цифровых инноваций следует отметить быструю адаптацию онлайн-обучения.

Дополнительные направления применения цифровых технологий в образовании — развитие цифровых библиотек и цифровых университетов, которые будут внедрены многими университетами Казахстана.

Благодаря цифровизации сегодня каждый может получить доступ к информации, которая ранее была доступна только для экспертов и ученых. Мир образования и науки стал глобальным, сейчас практически невозможно найти студента, преподавателя или ученого, который бы не побывал в зарубежных университетах в рамках программ академической мобильности.

Вопросы, которые сейчас стоят перед университетами, сводятся к выбору стратегии дальнейшего развития и выбора направления, на котором планируется сфокусироваться. Очевидно, что уже сейчас следует разрабатывать программу цифровой модернизации для перехода к конкурентной в будущем образовательной и научно-исследовательской модели.

Почему цифровизация важна для университетов именно сейчас?

Перед университетами, стремящимися сохранить свои позиции на глобальном рынке образования, стоит задача вхождения в международное научно-образовательное пространство.

Среди стратегий университетов по интеграции в международное образовательное пространство — привлечение иностранных ученых, преподавателей и студентов, поддержка программ академической мобильности для собственных ученых и организация зарубежных практик для студентов.

Каждый университет, независимо от выбранной стратегии, должен пройти цифровую модернизацию. Такая модернизация заключается не только и столько во внедрении ИТ-решений, сколько в целом является существенным культурным и организационным изменением в университете. Переход к цифровому университету предполагает внедрение более гибких процессов, изменение корпоративной культуры, оптимизацию процессов.

Что означает цифровизация для университетов? Какие сферы жизни университетов наиболее восприимчивы к цифровизации?

В ходе работы с российскими и зарубежными университетами и школами можно сформировать концептуальную модель цифрового университета, которая состоит из нескольких уровней.

Первый уровень самый главный, он представлен научно-педагогическими работниками, студентами, выпускниками и абитуриентами.

Второй уровень представлен базовыми информационными сервисами. Их задача — создание единого информационного пространства для цифрового взаимодействия внутри университета с использованием гибких инструментов. Примеры таких сервисов — видеозкраны для проведения лекций и семинаров, беспроводная связь на всей территории университета (включая общежития), облачные хранилища для хранения и обмена данными, профессиональная печать и пр.

Третий уровень включает в себя сервисы, существенно облегчающие жизнь студентов и научно-педагогическими работниками в современном университете. Для зарубежных преподавателей и студентов они уже являются обязательным элементом университета.

Цифровая библиотека обеспечивает доступ студента или преподавателя к научной литературе с любых устройств, независимо от места нахождения и времени суток. Многие современные университеты объединяют традиционные и цифровые библиотеки с точки зрения опыта конечного пользователя. Так, например, в традиционной библиотеке можно найти и прочитать книгу или журнал с библиотечного компьютера, в то же время любой пользователь может найти книгу в электронном каталоге библиотеки и получить ее, придя в корпус. Такая конвергенция традиционных и новых технологий обеспечивает более высокий уровень комфорта для студентов и преподавателей и позитивно влияет на имидж университета.

Четвертый уровень является наиболее ресурсоемким с точки зрения внедрения, но в то же время позволяет университету получить наибольшую добавленную стоимость. Он состоит из таких сервисов, как цифровой маркетинг, управление исследовательскими проектами, управление закупками, взаимодействие с абитуриентами и студентами.

Цифровой маркетинг является новой для вузов республики областью, направленной на решение следующих задач:

- организация взаимодействия с учебно-вспомогательным персоналом, студентами, абитуриентами, выпускниками с использованием всего современного спектра цифровых каналов коммуникации;

- мониторинг изменений в восприятии бренда университета на целевых рынках на основе результатов исследований и мониторинга социальных сетей; проведение различных мероприятий для формирования положительного имиджа вуза;

- стимулирование создания новых цифровых сообществ и инноваций на всех этапах образовательного цикла, а также коммуникации содержания образовательных программ и особенностей студенческой деятельности для абитуриентов;

- Взаимодействие с абитуриентами и студентами включает в себя следующие задачи:

- использование цифровых технологий для взаимодействия с абитуриентами и информирования их о стадии обработки заявлений о приеме;

- использование различных каналов коммуникации — и цифровых и традиционных — для предоставления абитуриентам наиболее полной информации об университете. Данная задача наиболее актуальна для иностранных абитуриентов, которые не могут посетить университет и хотят сформировать представление о нем используя информацию из Интернета;

- использование аналитики для выявления наиболее успешных и наименее успешных студентов.

Переход к цифровому университету невозможен без **поддерживающих мероприятий**, направленных на внедрение изменений в университете. Такие мероприятия могут включать:

- разработку факультативных или обязательных модулей в рамках программ обучения, направленных на повышение цифровой грамотности среди студентов;

- оказание поддержки научно-педагогическим работникам, задающим тенденции в области развития цифровых навыков и занимающихся разработкой инновационных методик преподавания;

- поощрение продвинутого использования обучающих платформ со стороны научно-педагогических работников, с тем чтобы обеспечить более высокие результаты учебы студентов и повысить эффективность работы университета в целом;

- оказание помощи тем НПП, которые обладают менее продвинутыми навыками использования цифровых технологий.

Мы считаем, что проект по цифровой модернизации университета должен инициироваться высшим руководством и поддерживаться на уровне институтов/кафедр. Последние должны взять под личный контроль исполнение мероприятий, направленных на достижение необходимых результатов, и увязать свои планы действий с общей стратегией развития вуза.

Роль службы управления персоналом в ходе цифровой модернизации заключается в разработке комплексной программы подготовки персонала к внедрению новых технологий:

- разработка трудовых договоров и программ непрерывного повышения квалификации для обеспечения постоянного развития навыков цифровой грамотности;
- придание процессам обучения, наряду с процессами научной деятельности, важной роли для продвижения инноваций в сфере разработки новых методов и способов обучения с максимальным использованием потенциала цифровых технологий.

Мы живем в век цифровизации, когда концентрация новых цифровых технологий велика как никогда. Эти технологии уже влияют на деятельность университетов. Мы верим в то, что университетам еще предстоит существенно модернизоваться, чтобы реализовать выгоды от цифровизации и предоставить абитуриентам, студентам, научно педагогическим работникам и партнерам больше возможностей. Модернизация невозможна без выработки и реализации осознанной стратегии цифровизации, которая бы учитывала особенности и специфику деятельности университета.

В рамках реализации Послания Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» и поддержки Государственной программы «Цифровой Казахстан» в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая 21 - 23 февраля 2018 года состоялся международный казахстанско-российский семинар «Цифровой университет».

Проведение семинара является важным событием и в жизни нашего университета, вопросы использования цифровых технологий в образовании, которые обсуждались на семинаре позволят выработать практические рекомендации, которые послужат основой и определяют направление исследований новой международной лаборатории при кафедре информатики и информатизации образования. Подводя итоги семинара, ректор Такир Балыкбаев подчеркнул, что КазНПУ, являясь центром педагогического образования, должен стать моделью цифрового педагогического университета. Для этого будет уделяться внимание развитию STEM-технологий, а также будет оказываться поддержка разработкам молодых ученых в области робототехники.

17 марта 2018 года состоялся международный казахстанско-российский семинар «Педагогический STEM-парк».

Во вступительном слове ректор Такир Балыкбаев напомнил, что первый международный семинар «Цифровой университет» состоялся 21 - 23 февраля этого года и прошел успешно. По его результатам были определены цели и задачи цифрового педагогического университета, а также пути подготовки педагогов к эффективному использованию цифровых технологий в образовании.

Целью международного семинара было обсуждение проблем интеграции технологий STEM-парка и образовательного процесса, осуществляемого в педагогическом университете, а также создания STEM-лаборатории по цифровой робототехнике и мехатронике в КазНПУ им. Абая.

В международном семинаре приняли участие ректор Такир Балыкбаев, член-корреспондент РАО, профессор МГПУ Сергей Григорьев, первый проректор Мактагали Бектемесов, руководитель международной научной лаборатории проблем информатизации образования и образовательных технологий профессор Есен Бидайбеков, профессор Бахытжан Ахметов, директор регионального развития ЗАО «Дидактические Системы» Владимир Федотов, начальник группы станков с ЧПУ Сергей Кислица, руководитель представительства ЗАО «Дидактические Системы» в РК Муслим Касымжанов, генеральный директор ООО «Брейн Девелопмент» Леонид Сказочкин, начальник отдела разработок Дмитрий Устинский, руководитель представительства ООО «Брейн Девелопмент» в РК АрманКаримжанов, представители КазНИТУ имени К.И. Сатпаева и КазНУ им. аль-Фараби.

Ректор Такир Балыкбаев подчеркнул, что второй семинар «Педагогический STEM-парк» нацелен на обсуждение способов внедрения STEM-обучения в педагогическом вузе. Ближайшей задачей является создание в нашем университете STEM-парка (или STEM-центра), который способствовал бы развитию цифрового образования, подготовке бакалавров и магистрантов по дополнительной специальности «Информатика и робототехника». А также введению элективного курса для всех естественно-научных специальностей по цифровой робототехнике и STEM-обучению и дисциплины «Цифровые технологии в образовании» для всех педагогических специальностей. Реализация поставленных задач обеспечит подготовку высококвалифицированных кадров по цифровым технологиям».

В рамках семинара также был организован мастер-класс «Роботрек», посвященный способам использования комплектов конструктора «Роботрек» в работе с детьми разных возрастов.

Список использованной литературы:

- 1 <https://www.zakon.kz/4894821-gosprogrammuy-tsifrovoy-kazahstan.html>

2 https://forbes.kz/process/education/tsifrovaya_revolyuitsiya_1/

3 Осин А.В. Электронные образовательные ресурсы нового поколения: Аналитическая записка. - М.: ИИТО ЮНЕСКО, 2011. - 12 с.

4 Сборник материалов участников Международного научно-методического симпозиума «Электронные ресурсы в непрерывном образовании» ("ЭРНО-2010"): Труды Международного научно-методического симпозиума. г.Туапсе. - Ростов н/Д: Изд-во ЮФУ, 2010. - 472 с.

5 Осин А.В. Электронные образовательные ресурсы нового поколения в вопросах и ответах. - М.: Агентство "Социальный проект", 2007. - 32 с.

УДК 004.891

ГРНТИ 28.23.35

Ә.А. Оразбаева¹

¹ магистр, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
Талдықорған қ., Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ КӨТЕРУДЕ РОБОТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақала «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі төрт бағытының бірі креативті қоғамды қалыптастыруда халықтың цифрлық сауаттылығын арттырудың маңыздылығын зерттеуге бағытталған. Ол үшін оқу үдерісінде цифрлық технологияларды, оның ішінде роботтық техникалық жүйелер мен құралдарды оқытуға бөлінген академиялық сағаттарды көбейту керек деп есептеймін. Себебі роботтық техникалық жүйелер «ақылды» технологияларды меңгеруге негіз бола алады және де азаматтардың шығармашылық, интеллектуалды дамуына оң әсерін тигізеді. Интеллектуалды роботтық техникалық жүйелер үш буынға бөлінеді. Бір буыннан екінші буынға өткен сайын робот техникасының дамып, мүмкіндіктері артып келе жатқанына қарамастан, олар әлі толығымен зерттеліп біткен жоқ. Басқару түрі бойынша роботтық техникалық жүйелер биотехникалық, автоматты және интерактивті болып бөлінеді. Роботты басқару әдістерін дамытуда техникалық кибернетика жетістіктері мен автоматты басқару теориясы өте маңызды. Роботтарды оқу үдерісінде қолдану білім алушылардың инженерлік мәдениет саласында негізгі түсініктерін қалыптастыруға, жаратылыстану және нақты ғылымдар саласына қызығушылықтарын арттыруға, қолданбалы тапсырмаларды орындауда білімгерлердің стандартты емес ойлау қабілетін, шығармашылығын дамытуға, сондай-ақ, ізденушілік дағдыларын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект, автоматтандыру, роботтық техникалық жүйе.

Аннотация

А.А. Оразбаева¹

¹ Магистр, ст. преподаватель Жетысуского государственного университета имени И. Жансугурова, г. Талдықорған, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РОБОТОТЕХНИЧЕСКИХ СИСТЕМ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ

Статья посвящена изучению одного из четырех основных направлений Государственной программы «Цифровой Казахстан» - повышение цифровой грамотности населения для формирования креативного общества. Для этих целей следует увеличить количество академических часов уделяемых обучению цифровым технологиям в частности робототехническим системам и средствам. Принципы их работы являются фундаментом для разработки «умных» технологии. Интеллектуальные робототехнические системы в свою очередь разделяются на три поколения (первое, второе и третье). Несмотря на то, что робототехнические системы развиваются из поколения в поколение, они еще не полностью исследованы. По виду управления робототехнические системы подразделяются на биотехнические, автоматические и интерактивные. Возможности технической кибернетики и теории управления автоматов играют важную роль в развитии методов управления роботом. Использование роботов в учебном процессе дает студентам отличную возможность для разработки базовых концепций в инженерной культуре, повышения их интереса к естественным и точным наукам, развития умственных способностей, навыков оригинального творческого мышления, развития навыков самостоятельного исследования и решения прикладных задач.

Ключевые слова: цифровая грамотность, искусственный интеллект, автоматизация, робототехнические системы, управление.

Abstract

USAGE OF ROBOTICS SYSTEMS FOR INCREASING THE DIGITAL LITERACY

Orazbayeva A.A.¹

¹ *Master of Education, Senior lecturer, I.Zhansugurov Zhetysu State University
Taldykorgan, Kazakhstan*

The article is dedicated to the study of one of the four main directions of the State program “Digital Kazakhstan” – increasing the digital literacy of the population for forming creative society. For this purpose it is necessary to increase the amount of academic hours devoted to teaching digital technologies in general and robotics systems in particular. The principles of their work constitute the basis on which smart technologies are built.

The direction of education is indirectly defined by the technical direction. Intellectual robotics systems are divided into three generations (first, second and third). Despite the fact that robotics systems evolve from generation to generation they are still not fully studied. With respect to the control type robotics systems can be divided into biotechnological, automated and interactive. The possibilities of technical cybernetics and automaton control theory play an important role in development of methods of controlling robots. The usage of robots in educational process gives students excellent opportunities for developing basic concepts in engineering culture, increasing their interest in natural and exact sciences, developing non-standard intellectual capabilities, usage of applied problems and forming the skills of independent research.

Key words: digital literacy, artificial intelligence, automation, robotics systems, control,

«Цифрлық қоғам – қоғамның тіршілік қызметінің барлық салаларында білім мен ақпарат рөлінің басымдығымен ерекшеленетін, АКТ адамдардың тұрмыс тіршілігіне, олардың білімі мен жұмысына, сондай-ақ мемлекеттің, бизнес пен қоғамның өзара іс-қимылдарына шешуші әсер ететін, өркениеттің қазіргі заманғы даму кезеңі»—деп «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей, жедел қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетті қалыптастырудың негізгі құралы цифрлық технологиялар, ал оларды жедел түрде меңгеру қазіргі қоғамның алдында тұрған басты мақсаттардың бірі.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі төрт бағытының бірі креативті қоғамды қалыптастыру, яғни халықтың цифрлық сауатын көтеру арқылы адами капиталды дамыту, инфокоммуникация технология саласындағы мамандардың біліктілігін көтеру, креативті тұрғыдан ойлауды дамыту болып табылады. Бұл бағыттың мақсаты цифрландыру басымдықтарын пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында халықтың дағдысы мен құзыреттерін дамыту. Мақсатқа сәйкес екі міндет қойылған: халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру және экономика салалары үшін АКТ саласындағы мамандарды даярлау. Осы мақсат, міндеттерді орындап, жүзеге асыру үшін заманауи цифрлық технологияларды меңгеруіміз керек. Заманауи цифрлық технологиялар алға қарай жылдам қадам басқаны соншалықты, бұрын тек қашықтықта дыбысты беру үшін құрылғы ғана болса, бүгінгі күні байланыс құралы ғана емес, сонымен бірге әмиян, кілт, журнал, фотоаппарат, бейнеплеер және т.б. түрінде қолданылады. Қарқынды ілгері даму арқасында принтерлерде құжаттардың парақтарын басып шығарумен қатар ір түрлі салаларда – тамақ өнеркәсібі мен медицинадан бастап ғимараттың құрылысында пайдаланылатын 3D принтерлері арқылы күрделі үш өлшемді проекциялық үлгілерді құру мүмкіндігі пайда болды [1]. Әрине АКТ дамуының белсенділігінің артуы мен олардың қоғам салаларына тереңінен енуі дайын өнімдерді, интеллектуалды міндеттерді жеңілдетудің сапалы дамуын талап етеді.

Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру үшін әрине, цифрлық технологияларды оқыту оқу үдерісіне енгізілуі керек. Сонымен қатар, елбасының бұл жолдауында экономика салаларындағы цифрлық қайта қайта құру бағытында қоғамның барлық салаларында ақылды технологияларды қолдану қажеттілігі жайлы айтылады. Осы айтылған мәселелерді жүзеге асыру үшін, яғни ақылды технологияларды тиімді меңгеру үшін қазіргі оқыту үдерісінде оқытылып жатқан роботтық техникалық жүйелерге бөлінетін сағат санын еселеу керек деп ойлаймын. Себебі бұл азаматтардың шығармашылық, интеллектуалды дамуына үлкен үлес қосады.

Толық жетілген жасанды интеллект құру адамзат алдына қоғамның барлық бағыттарында жаңа мүмкіндіктер береді. Жасанды интеллект–психология, физиология, лингвистика және басқа да ғылымдардың қиылысында орналасқан, күрделі проблемаларды шешімінен айналысатын информатиканың бір аймағы болғандықтан, жасанды интеллектуалды жүйелер құруда және оларды игеруде сапалы білім беру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып отыр. Жалпы интеллект сөзі латынның «Intellectus»—ақыл—ой, ес, адамның ойлау қабілеті дегенді білдіретінін ескерсек, жасанды интеллект технологияларымен жұмыс істеу, қолданушының тек алгоритмдік процедуралармен шектеліп қана қоймай, өзін-өзі дамыту белсенділігін арттыруға ықпал ете отырып, оның интеллектуалдылық дәрежесінің қалыптасу үдерісіне оң әсер ететіні анық. Әрине, оқу

үдерісімен қатар, өндірістің бар салаларында кең қолданыс тапқан бұл жүйе әлі де зерттеулерді, тәжірибе жасап, оларды қоғамда тереңдеп енгізуді талап ететіні белгілі. Жасанды интеллект тірі интеллектуалды жүйелердің функциясын жасанды жүйелерге беру тәсілдерін жасауға бағытталған.

Жасанды интеллекттің бір бағыты болып табылатын роботты техника (робот және техника, ағылшын тілінен аударғанда robotics—роботика)—автоматтандырылған техникалық жүйелерін әзірлейді және өндірістің қарқынды дамуына маңызды техникалық негізі болып табылатын қолданбалы ғылым. Құрылыс, өнеркәсіп, тұтыну, авиация және төтенше қызмет (әскери, ғарыш, су асты) салаларында роботты техника кеңінен қолданылады. Роботты техника құбылыс ретінде технологияның табиғи логикалық жалғасы болып табылады. Кез келген еңбекті автоматтадыру қарқынын адамдар біртіндеп көптеген қызмет салаларында ығыстырып, фильмдер көруге, дайвингке, компьютерлік ойындарға және тағы да басқа істермен айырбастауға қарқынды күш қолданып жаңа мүмкіндіктер берді. Жалпыға ортақ еңбектің өндіріс құралдарын өндіру үшін адамзаттың жұмсағаны емес, соңғы өнім тұтыну біртіндеп 100%—ға ұмтылып, артып келеді. Қазірдің өзінде көптеген заманауи ең күшті роботтардың жұмыс күші: машиналар, автомобильдер, компьютерлер және тағы сол сияқты машиналар өндірісіне бағытталған.

Қазіргі таңда көптеген елдерде білім беру үдерісінде роботтық техника негіздерін оқыту үлкен сұранысқа ие. Негізгі тапсырма жастарды инженерлік мамандықтарға және ғылымға назарын аударту болып отыр. Бұл идеяны жетілдіру үшін роботтардың Дүниежүзілік олимпиадасы (ағылш. World Robot Olympiad, WRO) 10–18 жас аралығындағы мектеп оқушыларының жарысы—роботтардың Халықаралық жарысы (MCP) өткізіледі. Бірінші фестиваль 2004 жылы Сингапурде өткізіліп, оған 32 елден 1000—нан астам дарынды оқушылар қатысты. Роботтарды келесі категорияларға бөлуге болады: өнеркәсіптік роботтар, әскери (радиомен басқарылатын машиналар, саперлер), тұрмыстық (капсулды кофемашиналар, ақылды шаңсорғыштар), медициналық, транспорттық (Amazon қоймасындағы автономды роботтар), сервистік (аэропортта көмек берушілер), экзоскелеттер (адам денесінің кеңейтілген мүмкіндіктері, қимыл—тірек аппаратының шығындалған функциясын қалпына келтіру), адам секілді (Honda компаниясы Asimo), қадамдап жүретін, космостық.

Роботтық техниканы үш бағытқа бөлуге болады:

- Білімділік;
- Жарысатын;
- Шығармашылық.

Қазіргі уақытта білім алушылар роботтық техникамен сабақтан тыс кезде және таңдау курстарында шұғылдана алады. Бұндай сабақтарда жарысатын бағыт басым болады. Дәлірек айтқанда жарысатын компонент айқын түрде қатысады. Білімділік бағыты жанама түрде тек техникалық бағытпен айқындалады. Бұл бағытқа тісті—белдікті берілулер, айналдыру кеңістігін өзгерту, дөңгелек диаметрінің өткен ара—қашықтығын өзгерту, сызық бойынша жылжу технологиясы, объектілерді тану және тағы да басқа. Сондай—ақ, іс—әрекетті жүзеге асыратын роботқа алгоритмдеу және бағдарламалау дағдыларын арттыратын компонент, тест және қалпына келтіру бағдарламалары болады [2].

Қазіргі уақытта әдебиеттерде роботты техникалық жүйелерді үш буынға бөледі. Бүгінгі күндегі өндірісте пайдаланатын роботтардың көбі бірінші буынға жатады. Олардың басқару жүйесінің есептеуіш қуаты төмен болып табылады (кейде нөлге тең). Мұндай роботтың жалғыз «интеллектуалды» функциясы—оператормен берілетін әсер тізбегін есте сақтауында. Олар жұмыс істейтін технологиялық жағдай толығымен детерминирленген болуы керек. Бұған кіретіні тетіктердің нақты тұрақтандырылуы, басқа жабдықтармен кеңістіктік байланыстың нақты анықталуы және де құралдарға жақын орналасқан адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек.

Екінші буынның роботты техникалық жүйелері роботы басқару жүйесіне қымбат емес микропроцессор ендірілгенде пайда болды. Бұл буында манипулятор үзбелерінің қозғалыс элементтерін барлық жылжу дәрежесі бойынша есептеуге мүмкіндік туды. Екінші буын роботтары қозғалып тұрған тасымалдаушының үстінде жатқан тетіктермен жұмыс жасай алады. Кей кездерде жүйеге өзгерістерге бейімделуді қамтамасыз ететін күш сол сәттегі және қашықтық өлшегішті бергіштер енгізілді. Екінші буынды роботтарды негізінен автоматты өндіріс процестерімен байланысты жерлерде қолданады: нүктелі пісіру, тозаңдатумен бояу, доғалы пісіру, құрастыру. Екінші буынның роботтарымен жұмыс істеген кезде олардың даму болашағы жетілдірілген бергіштерді қолдану мен басқару жүйесінің есептік қуатының артуына байланысты екенін көруге болады.

Үшінші буынның робототехникалық жүйелері бірнеше жыл бұрын пайда болды, бірақ олар әлі толығымен зерттеліп болған жоқ. Бұл жүйелердің ерекшелігі бірнеше асинхронды жұмыс істейтін

микроЭЕМ қолданылуында, олардың әрқайсысы автономды функцияларды жүзеге асырады. Үшінші буынның типтік роботы әр жылжу дәрежесі үшін арнайы басқару процессорымен және де оның жұмысын үйлестіретін орталық процессормен жабдықталған. Орталық процессор басқа да жоғарғы деңгейлі функцияларды орындайды.

Төменгі деңгейлі процессорлардың әрқайсысы өз манипулятор үзбесінің қозғалу жылдамдығы мен ішкі күй бергіштерінің сигналдарын өңдейді және де осы үзбе сервобасқару жүйесінің бір бөлігі болып келеді. Орталық процессор бөлек дәрежесі бойынша орын ауыстыруды үйлестіреді, әртүрлі координат жүйелерінде жұмыс істеген кезде координаталарды түрлендіруді орындайды, сыртқы бергіштермен, басқа роботтармен және білдектермен өзара әрекет етеді, өз жадысында программаларды сақтайды, байланыс желісі арқылы басқа ЭЕМ ақпаратпен алмасады. Барлық аталып өткен функциялар бір ЭЕМ орындала алады, бірақ жаңа жүйелер мәліметті өңдеудің иерархиялық жүйесін жиірек қолданады. Бұл төменгі деңгейлі процессорларға кететін шығындардың толығымен жүйенің иілгіштігімен және қарапайымдылығымен өтелуімен түсіндіріледі.

Манипулятор қатты денелердің (немесе үзбелердің) тізбегінен тұрады, олардың біріншісі сүйемелді тіреуішпен қосылған, ал соңғысы жұмысшы құралмен қамтылған. Әр үзбе басқа екі үзбемен тұйықталған тізбек пайда болмайтындай етіліп қосылады. Екі үзбенің буын қосылуы тек бір ғана еркіндік дәрежесіне ие деп саналады. Осы шектеуді ескере отыра үзбенің екі түрі ерекше назарға ие: айналмалы және ілгерілемелі. Айналмалы буын белгілі бір өске қатысты айналуы ғана жібереді; ілгерілемелі буын айналу жоқ болған кездегі белгілі бір ось бойымен ілгерілемелі қозғалысты қамтамасыз етеді (айналуы бар ілгерілемелі қозғалыс бұрама үзбелерінде болады). Манипулятор үзбелері салыстырмалы қозғалысқа қатысады, оның нәтижесінде белгілі бір орын мен ұстау немесе құрал бағдарына қол жеткізуге болады.

Басқару түрі бойынша робототехникалық жүйелер биотехникалық, автоматты, интерактивті болып бөлінеді. Биотехникалық жүйелерге командалар (роботтың жекелеген сілтемелерін басқару және басқару батырмасы), көшіру (адам қозғалысын қайталау, қолданбалы күштерді, экзоскелеттерді тасымалдайтын кері байланысты жүзеге асыруға болады) және жартылай автоматтық (бір командалық органның басқару, мысалы, роботтың бүкіл кинематикалық сызбасының тұтқасы) жүйелер кіреді. Автоматты роботты техникалық жүйелерге бағдарлама (белгілі бір бағдарлама бойынша жұмыс істейді, негізінен сол ортаға бірдей мәселелерді шешуге арналған), бейімделгіш (типтік есептерді шешеді, бірақ жұмыс істеу шарттарына бейімделеді) және интеллектуалдық (ең дамыған автоматтандырылған жүйелер) жүйелер кіреді. Интерактивті роботты техникалық жүйелерге автоматтандырылған (автоматтандырылған және биотехникалық режимдердің ықтимал ауысуы), қадағалау (адам мақсатты функцияларды орындайтын автоматты жүйелер) және диалог (робот адаммен мінез-құлық стратегиясын таңдауға диалогқа қатысады, сондықтан робот әдетте, манипуляцияның нәтижелерін алдын-ала болжауға және мақсатты таңдау бойынша кеңес беруге қабілетті сараптамалық жүйемен жабдықталған) кіреді.

Роботтарды басқарудың негізгі міндеттері:

- ережелерді жоспарлау;
- қозғалыстарды жоспарлау;
- күштер мен сәттерді жоспарлау;
- динамикалық дәлдікті талдау;
- роботтың кинематикалық және динамикалық сипаттамаларын анықтау.

Роботты басқару әдістерін дамытуда техникалық кибернетика жетістіктері мен автоматты басқару теориясы өте маңызды [3].

Роботтар – қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларының бірі. Қазіргі кезде роботтар өміріміздің көптеген саласына, атап айтқанда, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларға еніп үлгерді. Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің жеделдетіле индустрияландырылуы, жаңа технологиялардың қарқынды дамуы өскелең ұрпақты жоғарғы білікті техникалық сала мамандары ретінде даярлауды қажет етеді. Ендеше сол ұрпағымызға роботтық техниканы жедел әрі сапалы меңгертуді жаңа заманымыздың өзі талап етіп отыр. Болашақ – роботтық техникада.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №957 Жарлығының толықтырулары.

2 Мухтарова А. Ж., «Білім беру үрдісінде роботтардың қазіргі жағдайы мен даму болашағы»; XI Халықаралық студенттер және жас ғалымдардың ғылыми конференциясы «Ғылым және білім - 2016», 651 бет, Л. Н. Гумелев атындағы Евразия Ұлттық университеті, Астана қ., 2016 ж.

3 Брейдо И.В. Әлемдік нарық және робот техникасын дамыту трендтері, 3 - бет. Қарағанды 2016.

УДК 002.6:37.016

ГРНТИ 20.01.45

Oshanova N.T.¹, Turashova Sh.P.²

¹ Cand.Sci.(Pedgogical), Senior Lecturer, Abai University, Almaty, Kazakhstan

² Student of master's Programme, Abai University, Almaty, Kazakhstan

USING OF THE CLIL METHODOLOGY IN INFORMATICS OF DIGITAL EDUCATION

Abstract

The article is devoted to the use of the method of subject-language integration on the basis of information and communication technologies in computer science lessons. Integrability is determined by the fundamental nature of the science of informatics and the nature of the basic objects of its study; the ability to work with information relates to general educational skills, and the role of informatics in the informatization of the educational process is undeniable. Informatics and English language are connected closely among themselves. Teaching informatics in English allows students to look at English from an information point of view. This helps in the systematization of knowledge, in the emergence of new associative connections, contributes to the development of the system-activity approach, on the basis of which universal teaching activities are designed.

Key words: information, information and communication technology, informatics, CLIL technology.

Аңдатпа

Н.Т. Ошанова¹, Ш.П. Тұрашова²

БІЛІМДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА CLIL ӘДІСТЕМЕСІН ПАЙДАЛАУ

¹ п.ғ.к, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,

Алматы қ., Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты, Алматы қ., Қазақстан

Мақала ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде информатика пәнін оқытуда пәндік-тілдік үйлестіру әдістемесін пайдалануға арналған. Үйлестіру информатика ғылымының іргелі сипаты мен оны оқытудың негізгі нысандары бойынша анықталады, ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті жалпы білім беру дағдыларына жатады және білім беруді ақпараттандыру үдерісінде информатиканың орны сөзсіз жоғары болып келеді. Информатика және ағылшын тілі бір-бірімен тығыз байланысты. Информатиканы ағылшын тілінде оқыту білім алушыларға ағылшын тілін ақпараттық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Бұл оқу әрекетін жобалау негізінде білімнің жүйеленуіне, жаңа әдістемелік байланыстардың пайда болуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: ақпарат, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, информатика, CLIL технология.

Аннотация

Н.Т. Ошанова¹, Ш.П. Тұрашова²

¹ к.п.н, старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

² магистрант 2-курса, Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДИКИ CLIL НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Статья посвящена к использованию методики предметно-языковой интеграции на основе информационных-коммуникационных технологий на уроках информатики. Интегративность определяется фундаментальностью самой науки информатики и характером основных объектов ее изучения; умение работать с информацией относится к общеучебным умениям, а роль информатики в информатизации учебного процесса неоспорима. Информатика и английский язык тесно связаны между собой. Преподавание информатики на английском языке позволяет учащимся взглянуть на английский язык с информационной точки зрения. Это помогает в систематизации знаний, в появлении новых ассоциативных связей, содействует развитию системно-деятельностного подхода, на основании которого и проектируются универсальные учебные действия.

Ключевые слова: информация, информационно-коммуникационная технология, информатика, CLIL технология.

The modern stage of informatization of Kazakhstan education is characterized by a transition to a qualitatively new level, characterized by the implementation of theoretical and methodological developments in the field of the widespread use of information and communication technologies (ICTs) in the teaching and educational process.

The use of ICT tools in educational activities makes it possible to increase the motivation for learning, to carry out research, information and training activities aimed at collecting, processing, storing, broadcasting, producing, transmitting information about objects, phenomena, processes, including real ones, in the implementation of didactic ICT opportunities and information interaction.

At present secondary school is a cultural place, where the bases of common formation, development and all-around development supplying the first vocational training of each pupil, adaptation to continuous formation and the future profession.

Almost a quarter of a century led to the problem of interdisciplinary communication between the subjects of the general school. During this time, tasks to intensively solve the problems of interdisciplinary communication for the school system have been intensified.

The main didactic task of interdisciplinary communications is to establish communication between formation, education and development during training.

The idea of interdisciplinary dialogue in classical pedagogics is proven in historical development and it is the main problem of modern pedagogics, including discipline. Interdisciplinary communication is also a necessary prerequisite for determining the content of the modern school system.

The content of subject matters takes place in the area of interpersonal attitudes. Because they are a part of mixed disciplines and show disciplines interaction. Interdisciplinary dialogue can be separated to 4 categories:

- the commonality of concepts, laws and theories;
- general scientific facts concerning the study of one object;
- application of common scientific methods;
- general methods of thinking.

There is a great potential for interdisciplinary communication between mathematics and informatics in the methods of teaching computer science. The general concepts for informatics and mathematics are information theory, magnitudes, graphs and functions.

Interdisciplinary communications should be based on main principles of the didactics.

Comprehensive studying of diversity of interdisciplinary communications is a serious problem. Our purpose is to demonstrate a huge potential of creation of the base of formation and creation of the main areas of interaction between subject disciplines.

For the last decades in modern world important changes took place, among which it is necessary to allocate: creation of worldnet is Internet and globalization of all social, political, economical and ecological processes in the world.

These, as well as other changes affected as a whole strong to the world education system. So, in European countries heightened interest to studying and application of various techniques of teaching of foreign language is noted, specific features of which is not use of foreign language as training purpose, but use of him as the facility of training.

June 29 2011 President of the Republic is Kazakstan and development of languages in the Republic Kazakstan approved by the resolution №110 state programs for 2011-2020 "... international business dialogue, as tool for studying of English language and other foreign languages which plenty of problems connected with that Exists. ... "A share of the country population is displayed," by 2014 that says on English (10% are 15% by 2017, and by 2020 - 20%), as per "Delivery as purpose-oriented rating. At present of the program in November 2015 with a view of achievement of determined levels of development of trilingual formation for 2015-2020 "Motoring map" was approved, three languages formation in the country, with a view of realisation of the complex of measures it is realised. From 2016 of "motoring map" on all grade levels in curriculum of higher education on training to English language of the school within 2020-2021, introduction of amendments in "science", "Physics", "Chemistry" and "Biology" in English of formations (educational institutions on the basis of party decision of choice) are entered.

Depending on temporary flow importance of English language for modern person, as it seems to me, has no need of justification. It is possible to answer the fact, by virtue of active expansion of international affairs, possession by English language is conjugate with more successful career growth.

Modern school should generate not only at knowledges trainee determined set, but also to awaken their seeking to self-education, realisation of its abilities. Necessary condition of development of these processes is not only activation educational-cognitively of the schoolers' activity, but also development of polycultural

person. High school should create conditions and to stimulate a few foreign languages trainee to studying. Studying of foreign language is the base of polycultural formation. Everyone knows that much depends on the education system in society and its condition, in practice, it is the foundation of the future society, while it is important to note the role of language, which occupies the most important, if not the central place in society and its system of relations. The school, as an educational institution, in its turn is capable of creating and developing conditions for the successful study of a foreign language.

The abbreviation CLIL stands for Content and Language Integrated Learning - integrating the teaching of a foreign language and other academic disciplines. CLIL technology - the content of the subject and the technology of joint learning. Although the term "CLIL" has not been used for a long time (in 1994), this is not a new phenomenon. People live in a multilingual society. Multilingualism is a means of survival in society. The term "CLIL" was included in 1994 by David Marsh for scientific disciplines for the introduction of disciplines or separate sections in the "additional" language for determining the conditions of study. The purpose of such instruction is simultaneous study of the subject and teaching of the language, that is, it is regarded as a means of cognizing other disciplines, and not as an object of instruction. The CLIL method aims at developing language skills in teaching subjects that are not language-oriented. The CLIL method promotes the development of cultural competence, language and communicative competence of students, and this is one of the most demanding skills of employers in modern society.

Methodology CLIL in modern society, the issues of socialization of modern man in interethnic and intercultural space become priorities, while the second language is considered as one of the tools for expanding professional knowledge and capabilities. In this regard, there are new educational technologies for teaching languages. One such technology is the CLIL (Content and Language Integrated Learning) subject-language integrated learning.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) considers the study of the second language as a tool for studying other subjects, thus forming a student's need for study, which allows him to rethink and develop his abilities in communication, including in his native language. The most common definition is the following: CLIL is an innovative method that allows students to formulate linguistic and communicative competences in a non-native language in the same educational context in which they develop and develop general educational knowledge and skills. To date many countries successfully use technique CLIL in actual practice. So, in Hungary already long ago bilingual schools exist, in which subject matters are studied on foreign language. Use of the method CLIL in Bulgaria is implemented already about 50 years and presents great interest for specialists working in this area. By this method, subjects such as history, geography, biology, philosophy are taught in bilingual schools, and English, German, French, Spanish and other languages are used to implement the learning process. This method is used in higher education institutions, which allows you to train not only specialists in certain professional fields, but also specialists who are proficient in foreign languages. When designing a training course on the basis of this technique, it is necessary to take into account the 4 "C" CLIL methods: content, communication, cognition, culturology.

In addition, in defining the basic principles of CLIL, five aspects are distinguished, each of which is implemented in different ways depending on the age of the students, the socio-linguistic environment and the degree of immersion in the CLIL. 1. Cultural aspect 2. Social aspect 3. Language aspect 4. Subject aspect 5. Learning aspect. The use of this technique in practice allowed to highlight its advantages, as well as some problems of its implementation in the educational process. One of the main advantages of this method is the increase of motivation to study the second and foreign languages of students. Learning a language becomes more focused, because the language is used to solve specific communicative tasks. In addition, students have the opportunity to better understand and understand the culture of the language being studied, which leads to the formation of the sociocultural competence of students. The student passes through a sufficiently large volume of linguistic material, which is a full immersion in the natural language environment. It should also be noted that work on various topics allows you to learn specific terms, certain language constructs, which helps to replenish the vocabulary of the learner with the subject terminology and prepares him for further study and application of the acquired knowledge and skills. In addition to the perfect knowledge of the second language, CLIL requires a completely new approach to conducting classes. Teachers should use diverse forms of submission of material, organisation of works, to emphasize to individual and creative activity of trainee. This means that the study of basic subjects will become much more interesting and more effective for the trainee if it occurs within the framework of the activity and communication approach peculiar to foreign language lessons.

The peculiarity of this teaching methodology is that the lesson is taught in two languages (native and foreign) in such a way that in different learning situations a language suitable for this stage of the lesson and the purpose of instruction is used.

Informatics, in fact, is a meta-subject course in primary, basic and high school and ensures the integrity of the overall cultural personal and cognitive development and self-development of the child, the continuity of all levels of the educational process. The integration of computer science and English is particularly suitable and successful. Integrability is determined by the fundamental nature of the science of informatics and the nature of the basic objects of its study; the ability to work with information relates to general educational skills, and the role of informatics in the informatization of the educational process is undeniable. Informatics and English are closely related.

The interface language of many computer programs, especially complex integrated and graphic packages, is English. All high-level programming languages use English as the service words. Teaching informatics in English allows students to look at English from an information point of view. This helps in the systematization of knowledge, in the emergence of new associative connections, contributes to the development of the system-activity approach, on the basis of which universal learning actions (UAL) are designed.

The use of modern information and communication technologies provides a number of advantages in the organization of the learning process:

– A large number of different practical jobs and tasks allow differentiating and individualizing the learning process, relying on the potential of the individual, to build an individual trajectory of learning, taking into account the characteristics of the student;

– Provide an opportunity to effectively organize independent work of students with information, develop skills of self-learning, self-control and reflection.

Thus, the teaching of computer science in English using the CLIL methodology provides meta-subject communications and provides an opportunity to achieve practical results of implementing the principles of new GEF, namely, developing cultural awareness, internationalization, language competence, readiness not only for learning, but also the ability to apply new knowledge in life and, accordingly, an increase in life motivation, a focus on success, which ultimately leads to the achievement of the main goal - the formation of a professional competence of future graduates, improving their mobility and ability to adapt to rapidly changing situations.

References:

1 Laletina T.A. *Integrirrovanny podkhod i ispol'zovaniye predmetno-yazykovoy integratsii pri obuchenii inostrannomu yazyku. [Elektronnyy resurs]. URL: http://conf.sfukras.ru/uploads/3_Laletina%20T%5B1%5D.A.pdf*

2 https://en.wikipedia.org/wiki/Content_and_language_integrated_learning

3 Coyle D. *Content and Language Integrated Learning Motivating Learners and Teachers [Elektronnyy resurs]. URL: <http://blocs.xtec.cat/clilpractiques1/files/2008/11/slrcogle.pdf>*

4 Korotkova I.I. *Tekhnologiya provedeniya integrirrovannykh urokov angliyskogo yazyka i informatiki / Shkola novogo dnya: luchshiy pedagogicheskiy initsiativnyy sbornik tezisev konferentsii: v 2 ch. / Upr. Obrazovaniya, nauki i molodezh. politiki adm. g. Ryazani, MOU «ID(M)TS»; pod red. O.A. Ignatovoy. – Ryazan': Obrazovaniye Ryazani, 2009. – S. 34 – 36.*

УДК 373.5.016.02:004.421(574)

ГРНТИ 20.01.45

Г.Ж. Ануарбекова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,
Алматы қ., Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЦИФРАНДЫРУ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақала ұлттық ерекшеліктерді цифрландыруға арналған. Ұлттық ерекшеліктерді цифрландыруда цифрлық мәдениет түсінігі пайда болып, ұлттық ерекшеліктер және цифрлық мәдениет ұғымдарының мағынасы келтірілген. Ұлттық ерекшеліктерімізге тікелей әсер ететін цифрлық мәдениеттің деңгейлері анықталды. Цифрландыру – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс-сапасын жақсартуды бағытқа алған мемлекеттердің барлығы ұстанатын жаһандық тренд, үдеріс болып табылады. Әлемде цифрлық жобаларды қолға алған мемлекеттерден мысал келтірілген. Ұлттық ерекшеліктерімізге байланысты цифрлық

білім ресурстарын жасау қажеттіліктері көрсетілді. Цифрлық білім ресурстары – білім алушыға ұлттық ерекшеліктерімізді мультимедиялық көріністермен түсіндіріп, жаңа және қызықты мәліметтермен танысу арқылы білімдерін толықтыруға мүмкіндік беретіндігі жайлы баяндалған. Осы орайда ұлттық ерекшеліктерді цифрландыруда цифрлық білім ресурстарының орны ерекше және бұл өз кезегінде заманауи Қазақстанның басты бағыты екендігі айтылған.

Түйін сөздер: ұлттық ерекшеліктер, цифрландыру, цифрлық білім ресурстары, цифрлық мәдениет, ақпарат, ақпараттық технологиялар, цифрлық технологиялар

Аннотация

Г.Ж. Ануарбекова¹

*¹ докторант 1-курса, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ЦИФРОВИЗАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ КАК ПРИОРИТЕТНАЯ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

Статья посвящена цифровизации национальных особенностей. Цифровизацией национальных особенностей возникает понятие цифровая культура, разъяснены смысловые понятия национальных особенностей и цифровой культуры. Определены уровни цифровой культуры, которые непосредственно влияют на нашу национальную особенность. Цифровизация - это глобальная тенденция, процесс, в котором все государства мира сосредоточены на развитии конкурентоспособной экономики и улучшении жизни людей. Приведен примеры государств, которые начали работать с цифровыми проектами. Выявлена необходимость создания цифровых образовательных ресурсов по национальным особенностям. Рассматриваются цифровые образовательные ресурсы, позволяющие студенту заполнить свои знания, объяснив наши национальные особенности мультимедийными взглядами и знакомство с новой и интересной информацией. В этой связи роль цифровых образовательных ресурсов в цифровизации национальных особенностей уникальна, и это, в свою очередь, является приоритетным направлением современного Казахстана.

Ключевые слова: национальные особенности, цифровизация, цифровые образовательные ресурсы, цифровая культура, информация, информационные технологии, цифровые технологии.

Abstract

DIGITALIZATION OF NATIONAL PECULIARITIES AS PRIORITY DIRECTIONS OF CONTEMPORARY KAZAKHSTAN

Anuarbekova G.J.¹

¹ doctoral student, Abai University, Almaty, Kazakhstan

The article is devoted to the digitalization of national peculiarities. The digitalization of national features raises the notion of digital culture, explains the semantic concepts of national characteristics and digital culture. The levels of digital culture that directly affect our national identity are defined. Digitalization is a global trend, a process in which all states of the world focus on developing a competitive economy and improving people's lives. Examples of states that have started working with digital projects are given. The necessity of creation of digital educational resources on national peculiarities is revealed. We consider digital educational resources that allow the student to fill his knowledge, explaining our national characteristics with multimedia views and getting to know new and interesting information. In this regard, the role of digital educational resources in the digitalization of national features is unique, and this, in turn, is a priority of modern Kazakhstan.

Key words: national characteristics, digitalization, digital educational resources, digital culture, information, information technologies, digital technologies

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды. Елбасымыз өз жолдауында «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет» деп нақтылап айтты.

Цифрландыру – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс- сапасын жақсартуды бағытқа алған мемлекеттердің барлығы ұстанатын жаһандық тренд, үдеріс. Әлемде 15-тен астам ел қазір цифрлық жобаларды қолға алды. Олардың алдыңғы қатарында Қытай, Сингапур, Дания, Оңтүстік Корея, Жаңа Зеландия, Канада сынды мемлекеттер бар. Сингапур «Smart Nation», Оңтүстік Корея «Креативті экономика» жобасын іске асырса, Дания 2015 жылдан бері барлық азаматты мемлекеттік органдармен тек интернет арқылы тілдесуге міндеттеген. Сингапур «ақылды экономика» қалыптастырып үлгерсе, Қытай «интернет плюс» жүйесін жүзеге асырды. Жаһандық ауқымдағы құбылыстың ізгі жалғасы «Цифрлық Қазақстан» жобасы бізде де өз жұмысын бастады.

Ақпарат - заманауи постиндустриалды дәуірде қоғамдық үдерістердің жұмыс істеу негіздерінің бірі, сонымен бірге ақпарат алмасу олардың арасындағы өзара байланыс жасау жағдайы болып табылады. Ақпараттық кеңістік ғаламдық желі арқылы географиялық және саяси шекараларды реттеуге, әлемдік құндылық мәдениетін әрбір адамға түсінікті болу үшін қол жетімді етуге, адам өмірінің экономикалық саласын «виртуализациялауға» көмектесе отырып, адам мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық ағымды тарату жылдамдығы жеке адамдардың өмірі мен әлеуметтік үдерістерді цифрландыру жағдайына алып келеді. Мәдени парадигмалардың нақты уақыттағы жағдайға ауысуы қазіргі уақытта біздің көз алдымызда өтіп жатыр. «Ақпараттандыру» термині әлдеқайда аз өзекті мәселе болып келе жатқандықтан, осы үдеріс кезінде туылған және өсіп келе жатқан жас ұрпақ цифрлы форматта өмір сүріп жатыр. Құндылықтар жүйесінде туындаған дәстүрлі мәдениет форматын жас ұрпақ клип – мәдениет, экрандық мәдениет, компьютерлік ойындар мәдениеті және т.с.с. қабылдайды. Бірыңғай заманауи цифрлық мәдениетті анықтайтын негізгі феноменге дербес компьютер және барлық әртүрлі цифрлық құрылғылар жатады. Цифрлық құрылғыларға жататындар: Интернет, жасанды интеллект, жүйелік және қолданбалы программалық камтамасыз ету, компьютерлік графика және виртуалды шынайылық жүйесі, дәстүрлі байланыс құралдарының цифрлық форматтары (кітаптар, суреттер, аудио және видео жазулар, цифрлық теледидар және т.с.с.), компьютерлік ойындар және технологиялық өнер. Үдерістерді талдай келе, цифрлық дәуірдегі мәдениеттің ерекше типін қалыптастыру мәселесі өзекті болып келе жатқанын байқаймыз. Цифрландыру әлеуметтік құбылыс ретінде ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында тарала бастады. Оны негізгі үш сипаттама сипаттайды:

1. Барлық аналогтық, физикалық және статистикалық мазмұн түрлері цифрлыққа ауысып жатыр, олар мобильді және дербес бола бастады. Сонымен қатар тұлға өзінің жеке мазмұнын бақылауға, ақпараттық сұраныстарды жіберуге, ақпараттық іс-әрекетінің жеке траекториясын құруға мүмкіндік алып отыр.

2. Қарапайым байланыс технологияларға көшу басталды (технология қарым-қатынас жасау тәсілі және құралы болып), құрылғы мен технологияның басты сипаттамасы - басқару болып табылады.

3. Байланыстар біркелкі болмайды: тік, иерархиялық байланыс өзектілігін жоғалтып келеді, коммуникацияның желілік құрылымына көшу болып жатыр.

Білім берудің заманауи жүйесі компьютерлендіру және ақпараттандыру белсенді деңгейінен өтті. Бұл үдерістер уақытша болды, себебі қаржыландыруға, университеттердің даму деңгейіне, профессор-оқытушылар құрамының дайындығы деңгейіне және т.б. тәуелді болуына байланысты болды. Цифрландыру дәуірі болашақ әлеуметтік өзгерістердің салдары болып табылады. Суреттің және қолданудың қарапайым әдісі, мәліметтерді жіберудің ең жоғары жылдамдығы – цифрландырудың негізгі құраушылары болып табылады. Цифрлық құрылғылардың жетістіктері мен кемшіліктеріне тәуелсіз мәдениеттік мәнділігі бәрімізге мәлім. «Олардың таратуымен адамдардың күнделікті өмірлерінде өзгеріс болады. Мәдени тәжірибе қалыптастыру жүйесі, мәдениеттің барлық негізгі салалары ауысады». Ақпараттық құндылықтардың жаңа жүйесінің нақты сипаты бар.

Ұлттық ерекшеліктерімізді цифрландыру - цифрлық дәуірдің болашақ мамандарына бағытталған жоғары мектеп жұмыстарының әдістері мен принциптерін жаңарту қажеттілігін туындатады.

Ұлттық ерекшеліктеріміз туралы мәдениеттану, әлеуметтану және философия бойынша бірқатар жұмыстарда талданады. Мәдени-философиялық аспектіде ұлттық ерекшеліктер табиғи мекендеу орталарын жалғастырушы «үшінші табиғат», яғни өмір сүрудің жаңа формасы ретінде түсіндіріледі. Ал, ұлттық ерекшеліктерімізді цифрландыру кезінде адамзат виртуалды кеңістікте жаңа өмір жолын табады, сонымен қатар, шынайы өмірдің құндылығы виртуалды жаққа біртіндеп ауысады. Арасындағы шекара ажырап, өмірге деген қатынас күшейе түседі. Мәдениеттің кез келген типі сияқты, цифрландыруға байланысты пайда болатын цифрлық мәдениет адамның іс-әрекетін, байланыс ерекшеліктерін, мотивациясын, өмір сүру салтын анықтайды. Д.В.Галкин цифрлық мәдениетті түсініктің бірнеше деңгейлерінде қарастырады және бұл көзқарас заңды болып табылады. Цифрлық мәдениеттің материалдық деңгейі - барлық алуан түрдегі тікелей цифрлық құрылғылар болып табылады. Бұл жағдайда, цифрлық мәдениеттің бөлігін бағдарламалау тілі деп қарастыруымызға болады. Цифрлық мәдениеттің негізгі деңгейі - ақпараттық және цифрлық құрылғылармен жұмыс істеу барысында белгіленген қатынастар мен құндылықтар жүйесінде, тұлғаның дәстүрлі мәдениетінде цифрлардың бейнеленуі. Цифрлық мәдениеттің рухани деңгейі - цифрландырудың құндылық негіздері, «ұлттық, ұлтаралық этникалық және жергілікті рухани құндылықтарды қалыптастыру және қолдау» принциптері. Бұл деңгейде цифрлық мәдениеттің қоғамның рухани мәдениетінің дамуының жалпы деңгейіне әсер етеді. Ұлттық ерекшеліктерімізге тікелей әсер ететін цифрлық мәдениеттің барлық деңгейлерін талдай келе, біріншіден, байланыс

механизмдері қосылған, техникалық жүйелерге, цифрлық кодтауға негізделген заманауи қоғамның құндылығы ретінде, екіншіден, цифрлық дәуірдің мәдениетімен байланысты адамзат іс-әрекетінің өнімі ретінде; үшіншіден, жеке тұлғаның қалыптасатын әлеуметтік – психологиялық қасиетінің біртұтастығы ретінде қарастырып, ұлттық ерекшеліктерге байланысты цифрлық білім беру ресурстарын жасауға болады.

Білім беруді цифрландырудың негізгі құрамдас бөлігі - цифрлық білім ресурстары болып табылады. Цифрлық білім ресурстары – ұлттық ерекшеліктерімізді мультимедиялық көріністермен түсіндіріп, жаңа және қызықты мәліметтермен танысу арқылы білімдерін толықтыруға мүмкіндік береді. Цифрлық білім ресурстары порталға қосылу орнынан тәуелсіз түрде әрбір пайдаланушы үшін ыңғайлы, әр түрлі форматтағы ақпарат болып табылуы тиіс.

Цифрлық білім ресурстарды педагогтар сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде пайдалуға болады. Цифрлық білім ресурстары оқытушыларға оқытудың әр түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік беруі тиіс. Оқытуда ұлттық ерекшеліктерге байланысты цифрлық білім ресурстарын пайдалану оқушының өткізілген тақырыптарды есте сақтап, мемлекетіміздің іргелі негіздерін тереңірек түсінулеріне мүмкіндік береді.

Цифрлық білім ресурстарының мақсаты ақпараттық қоғамдағы оқушылардың интеллектуалдық мүмкіншіліктеріне күш салу, сонымен қатар оқу жүйесінің барлық деңгейлерінің сапасын көтереді.

Ұлттық ерекшеліктер бойынша цифрлық білім ресурстарының педагогикалық мақсаттарда қолданылуының келесідей негіздерін атап өтуге болады:

- заманауи ақпараттық технологиялардың есебінен оқу-тәрбиелік кезеңдердің барлық деңгейінің интенсификациясы (оқу кезеңінің сапасы мен нәтижелілігінің артуы; пән аралық байланысты тереңдету, қажетті ақпараттарды іздеу көлемінің артуы мен оңтайландырылуы; танымдық қызметтердің белсенділігін арттыру);

- оқушының жеке дамуы, ақпараттық қоғам шартымен жайлы өмірге тұлғаны даярлау (ойлаудың түрлерін дамыту; коммуникативтік қабілеттердің дамуы; компьютерлік графикалар мен мультимедиа технологияларының есебін қолдана отырып эстетикалық тәрбиелеу; ақпараттық, цифрлық мәдениетті қалыптастыру, ақпаратты өңдеуді іске асыруға қабілеттілігі).

Негізгі оқытатын және басқаратын құрылғы компьютерге берілген сабақтың деңгейлерінде, мұғалім бақылап, оқушының іздену мақсатын, алдыңғы оқытылған тапсырмаларды белсенді меңгеріп, дайын ақпарат көздерінен жетіспеген білімін толықтырып, өзіндік іздену секілді сапаларының көрсетілуін анықтауға мүмкіндік алады. Бұл мұғалімге өзіндік басқару қызметін және оқудағы біртіндеп шығармашылық қарым-қатынасын дамытуға мүмкіндік береді.

Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың цифрлық білім ресурстарын белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда ұлттық ерекшеліктерді цифрландыруда цифрлық білім ресурстарының орны ерекше және бұл өз кезегінде заманауи Қазақстанның басты бағыты екенін атап айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 26 қаңтар, 2018 жыл.
- 2 Галкин, Д.В. *От кибернетических автоматов к искусственной жизни: теоретические и историко-культурные аспекты формирования цифровой культуры [Текст]: автореф. дис. ... д-ра философ. наук / Д.В. Галкин. – Томск, 2013. – 51 с.*
- 3 Колонтаевская, И.Ф. *Цифровая культура инженера: проблемы и решения [Текст] / И.Ф. Колонтаевская, О.А. Исабекова // Наука 2014: проблемы и перспективы: материалы международно- ной научно-практической конференции (Москва, 26 января 2015 г.). – М.: Грифон, 2015. – С. 72–76.*
- 4 Прокудин, Д.Е. «Цифровая культура» vs «Аналоговая культура» [Текст] / Д.Е. Прокудин, Е.Г. Соколов // Вестник СПбГУ. – Сер. 17. – 2013. – Вып. 4. – С. 83–91.
- 5 Соколова, Н.Л. *Цифровая культура или культура в цифровую эпоху [Электронный ресурс] / Н.Л. Соколова // Международный журнал исследований культуры. – 2012. – № 3. – С. 6–10.*

УДК 373.1
ГРНТИ 14.25.09

С. Авдарсоль¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты,
Алматы қ., Қазақстан*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі күзiреттiлiктер болып белгiленуi бiлiм беру жүйесiнде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесiн негiзге алудың өзектiлiгiн арттырып отыр. Осыған орай алған бiлiмдерi негiзiнде әрекет етуге қабiлеттiлiк пен даярлықты бiлдiретiн құзыреттiлiктердi қалыптастыру үздiксiз бiлiм беру жүйесiнiң маңызды буыны болып саналатын жалпы бiлiм беретiн орта мектептердегi әрбiр пәндi оқытудың да басым бағыттарының бiрi болып табылады.

Мақалада орта мектепте оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудағы критериалды бағалаудың рөлiн анықталады. Бұл критериалды бағалау сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестiгiн оқушының оқудағы қажеттiлiгiн қамтамасыз етуде, критериалды бағалау жүйесi оқушының дамуына, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталған бағалау мүмкiндiктерi қарастырылады.

Түйiн сөздер: Критериалды бағалау, функционалдық сауаттылық, бiлiм жетiстiгi, компьютерлiк, ақпараттық және iс-әрекеттiк сауаттылық.

Аннотация

С. Авдарсоль¹

¹ *Phd докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

РОЛЬ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЩИХСЯ

Современная организация учебного процесса должна соответствовать требованиям международного образовательного пространства, конечным результатом знаний, приобретенных субъектом, является ключом к повышению актуальности проблемы «функциональной грамотности» в системе образования. В этой связи способность действовать и выражать свою компетентность на основе полученных знаний является одной из приоритетных областей для изучения каждого предмета в общеобразовательной средней школе, что является важным звеном в системе непрерывного образования.

В статье определена роль критериального оценивания в функциональной грамотности учащихся в средней школе. Критериальное оценивание служит для обеспечения соответствия образовательных потребностей, учащихся в соответствии с международными стандартами, а система оценки на основе критериев способствует развитию учащихся, их интересов и мотивации к обучению.

Ключевые слова: критериальное оценивание, функциональная грамотность, достижение знаний, компьютерная и информационная грамотность.

Abstract

THE ROLE OF CRITERIAL ESTIMATION IN THE FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS

S.Avdarsol¹

¹ *Doctoral student, Abai University, Almaty, Kazakhstan*

The modern organization of the educational process must meet the requirements of the international educational space, the end result of knowledge acquired by the subject is the key to increasing the relevance of the problem of "functional literacy" in the education system. In this regard, the ability to act and express one's competence based on the knowledge gained is one of the priority areas for studying each subject in the general secondary school, which is an important link in the system of continuing education.

The article defines the role of criterial evaluation in the functional literacy of students in secondary school. Criterial evaluation serves to ensure that the educational needs of students are in line with international standards, and the criteria-based evaluation system contributes to the development of students, their interests and motivation for learning.

Key words: criterial evaluation, functional literacy, knowledge achievement, computer and information literacy.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050 стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жастарға білім беруді жетілдіруге айрықша көңіл бөлінген. Елбасы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ, балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы аса маңызды» - деп атап көрсеткен болатын[1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «оқушының жұмысын, оның жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін күтілетін нәтижелерге негізделетін болады. Күтілетін нәтижелерді тұжырымдау оқушылардың оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға, жеке қабілетін ескере отырып әрбір оқушыны дамытудың жеке траекториясын айқындауға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың оқудағы білігі пен дағдыларын дамыту үшін ынтықтасып арттырады, білім беру процесінің сапасын жақсартады» деп келтірілген[2].

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу және тағы басқадай негізгі құзіреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Білім беру жүйесінде білім мазмұнындағы функционалдық сауаттылық алдын ала жүйеленіп, реттеліп берілуіне жол ашатын стандарттар мен оқу бағдарламаларындағы күтілетін нәтижелердің көпшілігі функционалдық сауаттылықтармен сәйкестелуін қажет етеді. Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру саясатының келесі бағыттарын іске асыру жолымен қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуді көздейді: барлық азаматтарға сапалы білім алуы үшін бірдей мүмкіндіктерді ұсыну; қазақстандық патриоттыққа, адам құқықтары мен бостандығына құрметпен қарауға, азаматтық жауапкершілікке және құқықтық сана-сезімге тәрбиелеу; ұлттық мәдениетке құрметпен қарауға, толеранттыққа, басқа мәдени бастауларға қатысты ашықтылыққа тәрбиелеу; қоғамда табысты әлеуметтену қабілеттілігін қалыптастыру; оқушылардың оқу жүктемесін білім беру сатысының әр деңгейдегі жас ерекшелік мүмкіндіктерімен және психофизиологиялық даму заңдылықтарымен өзара байланыстыру; жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндіктерін беру; жалпы орта білім беру деңгейінде оқытуды бейіндендіру; тілдерді деңгейлеп оқытуды енгізу және көптілді тұлғаны қалыптастыру; оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді. Функционалдық сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалдық сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері

негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін қалыптасқан құзыреттіліктерді анықтауда халықаралық зерттеу тапсырмаларының маңызы зор. Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік және интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін Қазақстан PISA, PIRLS, TIMSS, IAEP, TALIS, ICILS және т.б. халықаралық зерттеуіне қатысты.

Бұл бағалау бойынша оқушылардың халықаралық зерттеулерге қатысуының жоғары мәнділігін дәлелдейді және мұғалімнің, біліктілікті арттыру жүйесінің, әдістемелік қызметтердің жаңа міндеттерін анықтайды.

